Педагогикалық жоғары оқу орындарының іс-әрекетінің негізгі нәтижесі тек білім, іскерлік және дағды жүйесі ғана емес, сонымен қатар, зиялы, саяси-қоғамдық, ақпаратты-коммуникативтік, мемлекеттік тапсырыс нәтижесінде құзырлылықтардың жиынтығы болуына назар аударылады. Яғни, студенттерді әдістемелік-ұйымдастырушылық іс-әрекетінен зерттеу-әдістемелік іс-әрекетіне, нақты жағдайларға тез бейімделгіш, шығармашылық ұмтылыстарын қанағаттандыру ұстанымдарына көшіру сапалы өзгерістерге әкеледі.

Демек, педагогикалық мамандардың кәсіби құзырлы, шығармашыл болуын қамтамасыз ететін қосымша оқыту бағдарламалары негізінде оның әлеуетіне әсер ететін, кәсібилігін шыңдайтын теориялық, әдіснамалық тұғырларын айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады. Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бірден-бір жолы – жоғары педагогикалық оқу орындарында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері арқылы студенттердің деңгейін көтерудің, олардың өзіндік танымдық іс-әрекеттері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың әдіснамасы мен әдістемелік жүйесін жасау болып табылады.

Әлемдік тәжірибелер білім беруді реформалау жағдайында білім беру процесі сапасына және нәтижелерге жетуде басқарушылық әсер ету тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, өзінің бейнесін білім беру сапасы мағынасын қайта ой-елегінен өткізу талпынысынан, білім беруді басқару жүйесін ғылыми тұрғыда негіздеуден және олардың әдіснамалық, әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудан табады.

Бүгінгі күні біздің елімізде педагогикалық зерттеу мәселелерімен шұғылданып жүрген ғалымдардың еңбектері (Прәлиев С.Ж., Таубаева Ш.Т., Құсайынов А.Қ., Қожахметова К.Ж., Рысбаева А.Қ., Бұлақбаева М.К., Есеева М.Т.) білім беру сапасын бағалау, мониторингпен байланысты болса, Ресей ғалымдары үш түрлі маңызды бағытта қарастырады. *Біріншісі*, басқару процесін ғылыми ұйымдастыру және білім беру сапасын басқарудағы инновациялық әдістердің теориялық негіздерін қалайтын әдіснамаға бағытталады (Ю.П.Адлер, В.И.Андреев, А.Г.Бермус, М.Б.Гузаиров, Н.Ф.Ефремова, В.А.Качалов, Г.С.Ковалева, А.Н.Майоров, А.А.Макаров, В.М.Монахов, В.П.Панасюк, М.М.Поташник, Н.А.Селезнева, А.И.Су-бетго, т.б.). Сонымен қатар, білім беру сапасын бағалаудың түрлі аспектілерін қарастыратын, көрсеткіштердің қосындысын айқындайтын және оның өлшемдерін анықтауда басымдылықтарын көрсететін тұжырымдамалық-әдіснамалық зерттеулермен аяқталады.

Зерттеудің *екінші бағыты*, мақсатты бағдарлы стандарттау талпыныстары және білім беру сапасын басқару процесін құраушылармен тығыз байланысты. Оған ИСО 9000-2000 стандарттарына негізделген мемлекеттік білім беру стандарттары және білім сапасының менеджменттік жүйесін құруға арналған жұмыстар жатады (О.В.Аристов, В.И.Байденко, В.А.Исаев, В.А.Качалов, С.И.Колесников, Э.М.Коротков, С.К.Круглов, В.А.Нефедов, Н.А.Селезнева, В.М.Соколов, В.П.Соловьев, Ю.Г.Татур, А.Н.Чекмарев, В.М.Фирсов, т.б.).

*Үшінші бағыт* — жай-күйін бағалау, білім берудегі өзгерістер мен тенденциялар саласындағы теориялық-әдіснамалық зерттеулер бірыңғай мемлекеттік емтиханды енгізуде тәжірибелер басталғаннан кейін жедел түрде дами бастады (БМЕ) – педагогикалық өлшемдер теориясына сүйенеді (В.С.Аванесов, А.Е.Бахмутский, В.Н.Белобородов, В.А.Болотов, М.Б.Гузаиров, Н.Ф.Ефремова, Г.С.Ковалева, Э.М. Коротков, О.З.Кузнецова, Н.А.Кулемин, И.И.Легостаев, А.Н.Майоров, Е.А.Михайлычев, В.М.Мокосеев, В.Ю.Переверзев, С.А.Сафонцев, А.И.Севрук, А.О.Татур, М.Б.Челышкова, А.Г.Шмелев т.б.).

Білім беру жүйесін дамыту тәжірибелерін талдау құрылғыларын қолдану жолдары арқылы педагогтардың бақылау-бағалаушы іс-әрекетін интенсификациялауды куәландырады және педагогикалық өлшемдер тәсілдері білім беру процесін шынайы түрде басқаруға, білім беру сапасын арттыруға септігін тигізетін дұрыс басқарушылық шешім қабылдауға



мүмкіндік береді. Осыған орай, *тәжірибелік тұрғыда* зерттеу жұмысында берілген мәселелердің өзектілігі білім беру сапасы жүйесін арттыру қажеттілігімен, оларды отандық білімді жаңартудың заманауи талаптарының адеватты деңгейіне жетумен сипатталады. Зерттеудің ерекше маңыздылығы 2020 жылға дейінгі отандық білім беруді жаңарту Тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік саясат және экономиканы жаңарту аймағындағы іс-әрекет Жоспарында қойылған міндеттерге негізделеді. Бұл құжаттарда жалпы білім беретін мекемелердің түлектерін тәуелсіз аттестаттау және ұлттық бірыңғай тест арқылы жоғары оқу орындарына талапкерлерді іріктеудің тиімді жүйесін құру, білім беру сапасын басқару жүйесін жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндіктерді туғызатын талдау және интерпретацияны қарастырады.

*Теориялық тұрғыда* зерттеу жұмысында берілген мәселелердің өзектілігі білім беру сапасын басқарудың өзекті мәселелерін қарастыратын педагогикалық өлшемдердің теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаудың маңызды деңгейінің болмауымен анықталады.

Қорыта айтқанда, студенттердің кәсіби мәнді сапалары мен педагогикалық шығармашылық әлеуетін қалыптастыру үшін, алдымен жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіндегі тәжірибелерге түбегейлі өзгерістер енгізу қажеттілігі күн сайын артуда. Сондықтан, жоғары оқу орындарының мазмұны мен құрылымдарына бірқатар өзгерістер енгізіп, жаңа дидактикасын жасау – өзекті мәселелердің бірі. Тек сонда ғана мұғалімдер саналы түрде тандап алған мамандықтарының мәнін терең ұғынуы, өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін қалыптастыруды, кәсіби шығармашылықтың биіктеріне жетуді қамсыздандыра отырып, әрбір мұғалімді жаңа белестерге көтеріп, педагогикалық еңбекті шығармашылық деңгейге шығаруды нәтижелі ете алады. Осыған орай, педагогикалық өлшемдерге қатысты зерттеулер төмендегідей нәтижелерге жетуге септігін тигізеді:

1. Заманауи ғылыми зерттеу экспериментальді талдау мен мәнін ашу әдістерімен танысу, білім алушылардың педагог-зерттеушілік дағдысын қабылдау, педагогикалық қызметте пайдалану мақсатында ақпараттық материалды іздеу мен мәнісін түсіну және білім сапасын басқару саласы мен педагогикалық өлшемдерді зерттеудің заманауи бағыттары мақсатында жүргізіледі.

2. «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы бойынша болашақ мамандар даярлау барысында мынадай білімдердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады:

- өзінің жеке-даралық өзгешеліктері мен басқалардың ерекшеліктері туралы;
- тұлғаның психикалық денінің саулығын сақтаудағы оңтайлық өмірлік ұстанымының рөлі туралы;
- өзін-өзі реттеудің өнімді әдістері туралы;
- өзін-өзі тәрбиелеудің тиімді бағыттары туралы;

- қарым-қатынас жасау мен мінез-құлықтың тиімді тәсілдері және оларды қалыптастыру;
- құрылымдық өмірлік мақсаттар мен оларды іске асыру туралы;
- мүмкін болатын төтенше жағдайлар және сол жағдайлардағы мінез-құлықтың рационалды тәсілдері туралы;
- шығармашылық қабілеттердің мазмұны мен түрлері және оларды қалыптастыру жолдары туралы;
- таным процестері мен ақыл-ой операциялары және оларды тиімді қалыптастыру тәсілдерімен қамтамасыз ету.

### **Әдебиеттер**

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2014. – 50 б.
- 2 Таубаева Ш.Т. Магистратураға арналған Білім беру саласы менеджерлері мамандығы білім беру бағдарламасы. – Алматы, 2002. – 28 б.
- 3 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығына арналған стандарт. – Алматы, 2012. – 60 б.

**Г.А. Мұратбаева**

д.п.н., профессор, КазГосЖенПУ,  
Алматы, Қазақстан

**М.К. Бұлақбаева**

к.п.н., доцент, КазГосЖенПУ,  
Алматы, Қазақстан

### **Особенности подготовки будущих специалистов «Педагогического измерения»**

В условиях обновления системы образования подготовка будущих специалистов педагогического измерения является актуальной проблемой.

Исследование данной проблемы позволяет качественно по новому подойти к проблеме обучения будущего специалиста с опорой на теорию и методологию педагогического измерения.

**G.A. Muratbayeva**

d.p.s, associate professor, Kazakh State Women's Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

**M.K. Bulakbayeva**

c.p.s, associate professor, Kazakh State Women's Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

### **Features of training of future specialists of pedagogical measurement**

Problems of a continuous pedagogical education and topical issues of preparation future specialists of pedagogical measurement are considered. Investigation of this problem allows us to qualitatively new approach to the problem of learning a future specialist, building on the theory and methodology of pedagogical measurement as the highest achievements in pedagogical measurement training of future specialist.

### **ӘОЖ 37.091.4**

**А.К. Тоғайбаева**

п.ф.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік  
мемлекеттік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақаланың жариялануының мақсаты – жоғары оқу орындарындағы студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін анықтап, оны ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мақаланы жариялаудағы міндет: құқықтық мәдениет қалыптастыру мәселесінің зерттелуіне талдау беру, жоғары оқу орындарының студенттерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру шарттарын айқындау және студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдістері мен тәсілдеріне сипаттама беру болып табылады. Автор өзара бірін-бірі толықтырып, сабақтастырып және жетілдіріп отыратын әдістер кешенін пайдаланған.

*Тірек сөздер:* құқық, мәдениет, педагогика, жүйе, адамгершілік, ұстаным

Еліміздің төл Конституциясында Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет болып жарияланғаны белгілі. Құқықтық мемлекет құру үшін

қоғамның құқықтық мәдениеті болуы керек. Құқықтық мемлекет құру жас жеткіншектерден басталады, өйткені болашақ қоғам жастардың қолында.

«Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болуы керек. Әрбір адамның өзі үшін жауапкершілігі жаратушының алдындағы жауапкершілікпен бірдей екендігі сөзсіз. Білімді адам санатына қосылуы үшін қазіргі жастарға негізгі пәндерді игеру және талдау қабылетінің сауаттылығы аздық етеді. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет», - деп жазды С.Назарбаева «Өмір әдебі» кітабында [1].

Қазіргі кезде ғаламдық өзгерістер мемлекеттің ішкі даму жағдайларына, қайта құрудың көптеген міндеттерін нәтижелі шешуге, қоғамның әлеуметтік – экономикалық, материалдық – техникалық, идеологиялық, психологиялық ахуалына бейім екені мәлім.

Жалпы алғанда «мәдениет» ұғымын адамдар қауымы жасаған, сондықтан оны дамудың белгілі бір деңгейін анықтап, сипаттайтын материалдық және рухани құндылық деп түсіну көзделген. Ал құқықтық мәдениет дегеніміз – өзінің құрамы, ерекшелігі бар қоғамдық мәдениеттің бір бөлігі.

Студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда құқықтық мәдениеттің тар және кең мағыналары есепке алынып отыруы қажет. Тар мағынада: заңдылық, құқықтық шығармашылық және құқықты қолдану органдарының жалпы міндеті, қоғамның құқықтық жүйесінің даму деңгейі.

Кең мағынада құқықтық мәдениет – қоғамның құқыққа деген нақты қажеттіліктері оның ішінде мемлекеттің құқықты бағалауы, құқықтық ғылым дамуының деңгейі мен заң білімінің прогрессивтілігі және ақырында, елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйін керек ететін қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Құқықтың даму деңгейін бейнелейтін жеке азаматтар мен барлық халықтың құқықтық санасы, оның қоғам өміріндегі орны мен ролі. Кең мағынада құқықтық мәдениет заң мамандарын даярлау немесе құқықтық мәртебелік, заң қызметінің мемлекеттік жүйедегі ролі, құқық мәселелері бойынша ғылыми басқармаларының дамуы «адвокатура» жағдайы т.б. болып табылады.

Құқықтық мәдениеттің басты элементтері құқықтық сауаттылық пен азаматтардың заңды сыйлап, оны орындауы болып табылады. Құқықтық мәдениет адамгершілік санаттарымен байланысты. Ғалымдардың айтуынша «қоғамда адамгершілік мәдениет болмайды. Адамгершілік нышандарынсыз әлеуметтік, экономикалық заңдар жүзеге аспайды, шешімдер орындалмайды, қазіргі ғылым өмір сүрмейді» [2].

Қалыпты жағдайдағы адамның тәртібі, іс-әрекеті саналы түрде қабылданатын шешімдер арқылы жүзеге асырылады. Бұл жерде сананың деңгейі сезімдік дамудағы адамның әрекетінің әсері бар екендігін мойындау шарт. Сананың өзі белсенді әлеуметтік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Мұның өзі сана және әрекет мәдениеті адамдар қатынасы мәдениетінің бір мағынасына саятынын көрсетеді.

Үш қабаттан тұратын «үйді» көз алдымызға елестетіп, бірінші қабатта құқықтық білім және оны меңгере алу икемдігін орналастырамыз. Екінші қабатта құқыққа деген қатынас орын алсын. Ал үшінші қабатта құқықтық мазмұндағы әр түрлі жағдайдағы тәртіптер мен әрекеттер болсын. Барлық басқа үйлердегі секілді біздің үйдің де «іргетасы» бар. Адамның құқықтық мәдениетінің «іргетасы» болып оның саяси және адамгершілік көзқарасының ішкі нанымы саналады. Төмендегі аталған жағдайлар іргетастың қалай қаланғандығына байланысты болады.

- Заңға қатыстылық сипатталатын заңды сыйлау сезімі;
- Құқық нормасын орныдауға, заңдылықты сезінуге дайын тұрушылық, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту белсенділігі;
- Құқықтық білімнің сапасы және оның қолдану аясы;

Яғни, құқықтық мәдениет – саяси, адамгершілік нанымға негізделген, терең жан-жақты құқықтық білім мен дағдының ажырамас бір бөлігі, заңды сыйлау белсенді құқық қорғау әрекеттері [3].

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары құқық бұзушылықтың алдын алып қана қоймай жас жеткіншектердің берік моральдық қағидаларын қалыптастырып, қоғамдық нормаларды ұғынып қабылдауға бейімделеді.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын жүргізу барысында мыналарға мән берілуі керек. Студенттер тек қана өз құқықтары мен міндеттерін біліп қана қоймай, бостандық, тұлға, құқықтық мемлекет деген ұғымдармен де таныс болуы керек [4].

Қайырымдылық пен зұлымдық, әдемілік пен көркемсіздік және тағы да басқа құқық нормасымен байланысты елестете отырулары қажет. Құқықтық тәрбие адамгершілік және эстетикалық тәрбиемен байланысты болуы міндетті. Заң туралы аса қызыға білгені абзал. Өйткені, құрғақ ақпараттар студенттердің миына жетіп, жүрегін елеңдететін жеткіншектердің жас ерекшелігін ескере отырып, олардың құқықтық жаңаруы мақсатында әр түрлі шығармалар нысандары қолданылуы қажет.

Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде. Өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді.

Құқықтық мәдениетті мәдениеттің соңғы нәтижесіне жетуге бағытталған қызмет ретінде де қарастырады, оған құқықтық мінез-құлықтың құндылықтарын өндіру, тұтыну, бөлу бойынша қызметтер жатады. Құқықтық мәдениет кейде оның оның компоненттерінің даму деңгейінің түсінігі арқылы айтылады. Онда құқықтық сананың деңгейлері заңдылықтар, заңның кемділігі, заңдық тәжірибенің кемелділігі айрықшаланады. Құқықтық мәдениет деңгейінің көрсеткіштері қатарында – құқықтық көзқарастардың дамығандығы, құқықтық кепілдігі мен кеңділігі, құқықты қолдану қызметінің деңгейі, заң білімін беру мен тәрбиенің деңгейі айтылады. Бұдан басқа да тенденциялар бар, ал құқықтық мәдениеттің қоғамның идеялы құқықтық жағдайы ретімен

сипатталады, оның құқықтық өмір, құқықтық ұйым, құқықтық процесс және тағы да басқа құқықтық құбылыстары арқылы анықталады.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық санамен өте тығыз байланысты. Тұлғаның құқықтық санасы өз кезегінде заңдылықтың, құқықтық тәртіптіліктің қағидаларын, өмірдің мәні туралы көзқарастарды, нанымдарды көрсетеді. Құқықтық мәдениет орны құқықтық сананың элементтерін қосады [5].

Құқықтық сана неғұрлым кең ұғым. Ол әр түрлі объективтік және субъективтік факторлар әсерімен қалыптасқан, позитивтік және негативтік көзқарастары, сенімдерді бағалауы қажет етіледі.

### **Әдебиеттер**

- 1 Алпысқызы С. Өмір әдебі. Әдеби эссе. – Алматы, 2003. – 104 б.
- 2 Педагогика /Уч. пособие для студентов педагогических вузов. – Москва, 2004. – 608 с.
- 3 Байсерке Л.К. Педагогические основы нравственно – правового воспитания учащихся общеобразовательных школ. – Алматы, 1998. – 140 с.
- 4 Жадабаев С.Х. Правопорядок и поведение несовершеннолетних. – Алматы, 1982. – 87с.
- 5 Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері. – Алматы, 2002. – 90 с.

### **А.К. Тогайбаева**

к.п.н., Актюбинский региональный государственный  
университет им. К. Жубанова,  
Актобе, Казахстан

### **Проблема формирования правовой культуры студентов в ВУЗе**

Целью статьи является исследование процесса формирования правовой культуры студентов в ВУЗе и его научно-методическое обеспечение. Задачами статьи является характеристика понятия правовой культуры и методов, способов его формирования. В рамках статьи использован комплекс педагогических методов.

### **А.К. Toqaybaeva**

c.p.s., Aktobe Multidisciplinary university named after K.Zhubanov,  
Aktobe, Kazakhstan

### **Issues on development of legal culture among students of higher schools**

The intent of the article is research of process of developing legal culture among the students of higher institutions and its scientific methodical provisions. The

objects of the article are characteristics of legal culture definitions, its methods and ways of development. Within the frames of the article, complex of pedagogical methods are applied.

**УДК 378.147**

**Қ.Қ. Сайлинова**

психология магистрі, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

Мақалада ЖОО оқытушының кәсіби психологиялық құндылықтарын, маманның педагогикалық даярлығының құрылымын, тұлғаның психологиялық қасиеттерін зерттейді. Психологиялық тұрғыдан тұлғаның кәсіби ерекшелігінің қалыптасуын, маманның педагогикаға бейімділігі мен оны тәсілдерін игеру үрдісін, еңбек әрекетін ұйымдастыруын, субъектінің психологиялық заңдылықтарын қарастырады.

*Тірек сөздер:* тұлғаның кәсіби моделі, педагогикалық әрекет, тұлғаның бағыттылығы, тұлғалық факторлар

ЖОО оқытушының кәсіби психологиялық ерекшеліктері бұл осы қоғамдағы оқытушы ролі мен оның тұлғалық құндылығын жоғарлатудағы өзекті мәселенің біріне айналды. Оқытушыға қойылатын кәсіби талаптар оны тек кәсіби маман ретінде танытып қоймайды, сонымен қатар тұлғалық ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дамытады.

Педагогикалық кадрларды кәсіби белсенділікке даярлау және алдын-ала даярлау бұл кәсіби әрекеттің жоғары құрылымынан шығады, мұндағы қойылған мақсат (нормативті мақсаттар) ғылыми педагогикалық сапаны көтеру арқылы мамандардың даярлығын белгілі деңгейде бағалау, олардың біліктілін жоғарлату үшін оқыту бағдарламаларын өңдеу және жаңа технологияларды енгізу. Жоғары деңгейдегі педагогтің әрекетінің құрылымы ретінде тұлға және оның кәсіби іс-әрекеті қарастырылады. Тұлғаның кәсіби әрекеті бұл маманның кәсіби талаптарды игеру арқылы педагогикалық кәсіпті меңгеруінен пайда болады.

Тұлғаның кәсіби әрекеті маманның әлеуметтік қасиеттері мен оның сапаларын таңдауға негізделіп, бұдан жалпы психологиялық көрініс тұлғаның теориялық және практикалық тұжырымына ие болады. Екі жағдайдағы сәйкестік тұлғаның белгілі кәсіби сапаларындағы қалыптасқан жүйелер педагогикалық дайындық немесе кәсіби шеберлік ретінде қарастырылады.

Кәсібилік ұстанымда маманның педагогикалық даярлығының құрылымының фенотипті қасиеттері, сыртқы байқау мен қарапайым эксперттік жолдармен анықталады. Олардың талаптарына сәйкес деңгейде педагогикалық әрекеттің жетістігі мен өнімділігін қамтиды. Персенологиялық ұстаным маманның психологиялық даярлығын оқыту процесінде қалыптасқан тұлғаның жұмыс тәжірибесіндегі әртүрлі генотиптік қасиеттерінің тұтас құрылымы бола, педагогика нақты кәсіби әрекет түрінде адамның жетістігін анықтауға қатысады [1].

Ғылыми тұрғыдан педагогикалық әрекетпен бірлесу бұл кәсіби өсу. Т.В.Кучин бойынша оқытушылар ғылыми және педагогикалық жұмысты тұтастай біріктіреді. Көп жағдайда басқалардан қарағанда оқулық ақпараттарын жалпы және жүйеленген түрде шығарып, оның талаптарына сәйкес бейнелі және вербалді түрде біріктіріп, студенттің қиындықтарын көре алады және талдайды. Оқытушылар педагогикалық тапсырмалардың шешілуін жетістікпен игере алғандықтан, оларда ғылыми біліктілік жоғары болады. Керісінше, ғылыми жұмыс өнімді болған сайын оның нәтижесі студенттік және педагогикалық аудиториялардың талаптарын дер кезінде апробациялап, безендіреді. З.Ф.Есарева бойынша ғылыми және педагогикалық шығармашылықтың органикалық өзара әрекеттесуінде өтетін оқытушылар жоғары деңгейде ғылыми-педагогикалық әрекетке жетеді. Ғылымда және оқытуда шығармашылық жетістіктерге қол жеткізу арқылы оқытушы өз жұмысына деген жоғары қанағаттанушылығын қалыптастырады.

С.Л. Рубинштейн «Адамның қабілетінің даму процесі - адам дамуының процесі. Белгілі іс-әрекеттегі білімдер мен тәсілдердің адамның меңгеруі алдыңғы себептерге ие бола, өзінің ішкі жағдайындағы белгілі деңгейде ақыл-ой дамуы бұл ақыл-ой қабілетінің дамуы»-дейді. Бұл С.Л.Рубинштейннің ой желісі әсіресе, оқу әрекеті үшін маңызды екенін ескереміз [2].

Тұлғаның бағыттылық жүйесі келесі негізгі элементтерді кірістіреді: тұлғаның құндылық-мағыналық құрылу жүйесі. Тұлғаның құрылымын мына өзара байланысты жүйеде: мағыналық және құндылық; тұлғаның талаптануы; оның өз мүмкіндіктері мен жағдаяттарды бағалауға негізделген, тұлғаның өзіндік әрекетінде белгілі нәтижелерді күту жағдайы, мінез-құлығы мен айналасындағылармен қарым-қатынасын қарастырамыз. Бұл ұмтылу кәсіби жүйеден немесе басқа әлеуметтік және тұлғаралық қатынастардан, іс-әрекеттегі белгілі бір жетістіктен көрінеді. Талаптану сипаты болып тұлғаның құндылығын құру жүйесі, оның деңгейі мен мінезі, тұлғаның өзін-өзі бағалауы болып табылады. Өзін-өзі бағалау тұлғалық құрылымының негізі бірі болып саналады. Онда екі тұлғалық параметр айқындалады.

Біріншіден, тұлғалық деңгейі мен кәсіби қасиеттерінде индивидтің шамасы анықталынады. Бұл кәсіби қасиеттері мен еңбек іс-әрекетіндегі арасындағы мәселелерді шешудегі жоғары, орташа және төмен деңгейлеріне байланысты.



Екіншіден, адам өзінің тұлғалық қасиеттерін байқап, өзін-өзі қабылдау арқылы ол өзін жоғарлатып немесе төмендетеді, болмаса адекватты бағалайды. Тұлғаның өзін-өзі бағалауына сәйкес жоғары адекваттылық немесе төменгі адекваттылық кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда, тұлғаның өзін-өзі бағалауы тіркес бойынша өзіндік бейнені құрайды. Нақты өмір жағдайы мен әрекетінің ұмтылысын анықтайды. Тұлғаның ұмтылысы тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейі мен мінезі, құндылықтарды айқындауда өзіндік интегралды форма болып табылады. Тұлғаның қажеттіліктер күйі, адамның объективті қажеттіліктері ғана емес, мағыналық және құндылық біліміне, талаптануына және басқа тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Тұлғадағы қажеттіліктер күйі мақсатқа сәйкес және мотивтердің туындауына байланысты.

Адамның қажеттіліктері екі негізгі қызмет атқарады: мақсатты жоспарлау және түрткі.

Бірінші мағыналық білімдердің жүйесімен сипатталынса, екінші тұлғаның құндылық білім жүйесі түрткі қызметі, бұл тұлғаның мотивтері-қажеттіліктері. Мотивтер бұл тұлғаның белсенді қамтылған қажеттіліктеріндегі, мінез-құлқындағы, әрекеттегі ішкі психикалық түрткі. [3].

Психологиялық кәсіби әрекет-ғылыми пән, тұлғаның кәсіби ерекшелігін қалыптастыру, адамның бейімділігі мен еңбек тәсілдерінің мазмұнын, әрекет жағдайы мен оны ұйымдастыру, субъектінің еңбегіндегі өзараәрекеттегі психологиялық заңдылықтарды зерттеу. Бұл зерттеулердің нәтижелері ғылыми-практикалық ұсыныстар негізінде еңбек әрекетін жетілдіру, адамның кәсіби жарамдылығын қалыптастыру, еңбек белсенділігінің белгілі түрлері мен формаларына оның жұмыс қабілетін, еңбек қауіпсіздігін, кәсіби саулық пен ұзақ ғұмыр кешу мақсатында қамтамасыз ету. Психологиялық кәсіби әрекет психологиялық ғылымның бөлімі, мұнда теориялық, әдіснамалық принциптерге және еңбек психологиясындағы практикалық зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Психология мен еңбек әрекетінің өзара қатынасы мынандай жағдайлармен анықталады:

1. Психология адамның еңбегін жеңілдетіп ғана қоймай, оны эффективті, өнімді, жасаушы, саулық, материалды табыс ретінде жасай алады.

2. Психология еңбек әрекетінің адамға қабілеттенуін қамтамасыз етеді немесе керісінше, адамның «жомарт» идеясы, табиғаттағы, техникадағы, ұжымдағы адамдардың перспективті емес жолын және зияндылығын анықтауға бағытталған.

3. Психология адам еңбегіндегі психикалық белсендік ретіндегі ғылым бола субъектінің әрекетіндегі психиканың функционалды сипатындағы индивидуалды ерекшеліктердің біліміне негізделеді [4].

Кәсіби әрекеттегі психологияның басты зерттеу міндеттері болып, түрлі кәсіптегі мамандардың әрекетіне психологиялық талдау (әдістерді өңдеу және бағдарламаларды талдау, әрекеттің нақты түрлерін зерттеу, қателерді талдау) әрекеттің профессиограммасын құру болып табылады.

Тұлғаның кәсіби қалыптасуында отандық және шет ел психологиясында тұлғаның дамуындағы жалпыға бірдей әрекет ролдері қабылданған.

Тұлғаның кәсіби қалыптасуы көптеген авторлар еңбегінде қарастырылады. Өмір сүру барысында адамның дамуында жиі кездеседі. Кәсіпте тұлғаның тұтастылығын қарастыру нәтижесінен шығады, оның деңгейленіп құрылуы өмір кезеңдерімен сәйкес, тұлғаның кәсіби құрылымын зерттеу уақытша рамкамен шектелген. Әсіресе, әлеуметтік бағдарланған кәсіпте, адамдар арасындағы өзара әрекетте тұтастай орналасқан, адамның жасырын мүмкіндіктері мен кілті болып табылатын субъекті мен қоршаған орта арасындағы әлеуметтік байланыстағы түрлі типтерге көңіл аудару керек. Тұлғаның құрылымында қарастырғанда әлеуметтік кәсіптерде оның жағдайы орын алады-дейді К. Маркс.

Әрекетті реттеу деңгейінде құндылық-мағынаны қалпына келтіру үшін субъект өзіне басқаның қарым-қатынас жасағанда қарсылық көрсетпеуі және басқа адамдармен әрекет пен болмыс біріксе, бірлік пайда болады.

Бұл тұлғаның кәсіби құрылымындағы – қызмет ету модусына өтуде көрінуі мүмкін. Өту кезеңінде терең рефлексия көмегімен, басқа адамға қарым-қатынасты өзгерту, адамдар арқылы мәртебелікке жетуді түсіну, бұл өзін көрсетуде-толық емес, дегенмен мұндай жағдайда өз өміріне, өзінің табысына белгілі қанағаттанбаушылықты сезінеді.

Қызмет ету модусының соңғы кезеңінде кәсіби қалыптасуын адам алғаш рет өзін толық субъект ретінде көрсетеді. Бұл тұтастылық барлық жер бетіне тән, яғни субъектінің даму кезеңі мен өтпелі кезеңін бейнелеу, бұл В.И.Слободчиков пен Е.И.Исаев бойынша, әмбебап кезеңі деп аталады. Осыдан бастап адамның рухани өмірі басталып, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда, дүниенің эквиваленттілігін сезініп, жалпы адам мағынасындағы дербестіктің даму ерекшеліктерінен көріне алады.

Өзін басқадай көру алып қуаттан босатып, жұмыс қабілеттілігін арттырып, берілген әрекетті көбінесе сапалы орындайды. Кез-келген адам өзінің кәсіпке берілгенін сезіну арқылы, рухани даму баспалдақтарымен тез алға басса, бұл кәсіби шеберлік.

Тұлғалық факторлар үшін қарапайым қатынастағы психологиялық формалар субъектіден жана деңгейдегі психологиялық реттеуге сәйкес белсенді қозғалыс пен сапалы тапсырмалар талап етеді.

Тұлғалық факторлар бойынша кәсібилік шеберліктің даму сатыларын төмендегідей көрсетуге болады:

1. Кәсіби адам өзін өмірде белгілі бір орын алатынын сезінеді, өзінің еңбегінің субъектісі болады, әрекетті тұтастай игереді, еңбек нәтижесінде нәтижені көтеріп, мақсатқа байланысты, өзінің жауапкершілігін сезіне әрекет реализация салдарынан еркіндікке ие бола орындау барысында тәсілдер құрайды.

2. Маман-білім, іскерлік, дағды, тұлғалық ерекшеліктерге ие болған, кәсіби әрекетті орындау үшін алға қойылған мақсатқа жету тәсілінде өзінше өңделген, ойларға сәйкес (нормативті бектілген) нәтижені көрсететін адам.

3. Орындаушы-білім, іскерлік, дағдыны меңгерген адам, әрекетті нормативке сәйкес, ал қойылған мақсатқа жиі сәйкес емес, жоғары хаотикалық белсенділікті көрсететін, берілген кәсіби еңбектің эффективтілігіне қабілеттенбеуші адам.

В.А.Петровский бойынша, кәсібилікке тән бұл гиперфункционалды, жекелегенде, шабыттану күйі, сана спектрін кеңейтуде көрінеді, эмоционалды белсенділік, рационалды ойлау сезімнен жоғары (архетипикалық және тұтас тұлғалық) қоршаған орта туралы ұғымды шектелген мәнде белгілі уақытта табысқа жету арқылы құрылады [5].

ЖОО оқытушының кәсіби дамуы-білімнің өркендеуі, яғни еліміздегі білімді де, өнегелі азаматтардың ел тұтқасын еңселі де биік ұстауына үлес қосқан әр ұстаздың жемісі Ел ертеңін өз білімі мен тәрбиесімен сусындатқан оқытушы тұлғасы қоғамда өзіндік сипатымен биік тұрары анық.

### **Әдебиеттер**

1 Якунин В.А. Педагогическая психология. – СПб.: Издательство «Полиус», 1998. – 20с.

2 Слостенин В.А., Каширин В.Г. Психология и педагогика. - М., 2001. -98с.

3 Зимняя И.А. Педагогическая психология. - Ростов на Дону: «Феникс», 1997. -112 с.

4 Дружинин В.Н. Психология XXI века. - М., 2003. – С.39-48.

5 Фонарев А.Р. Вопросы психологии. - №6. - 2004. – С.14-21.

### **К.К. Сайлинова**

магистр психологии, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан

### **Профессионально психологические ценности преподавателя высшей школы**

Решение проблемы роста успешности профессиональной деятельности возможно в контексте оптимизации психологической культуры преподавателя, которая обеспечивает его саморазвитие и самореализацию в профессии, рост творческого потенциала, личностного и профессионального самосознания, успешную адаптацию в социуме и эффективное социальное взаимодействие, а также становление профессионально-важных качеств и умений, что приводит к росту эффективности его профессиональной деятельности.

**К.К. Sailinova**

master, KazUIR&WL named after Ablai Khan,  
Almaty, Kazakhstan

### **Professional psychological values of high school teachers**

Addressing the growth success of professional work is possible in the context of optimization of psychological culture of the teacher, which ensures its self-development and self-realization in the profession, the growth of creativity, personal and professional identity, successful adaptation in society and effective social interaction, as well as the formation of professionally important qualities and skills which leads to an increase in the efficiency of his professional activity.

**УДК 37.036.5**

**С.А. Узакбаева**

д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
sahipzhamal.a@mail.ru, Алматы, Казахстан

**Д.С. Масутова**

магистрант, КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
acd-654@mail.ru, Алматы, Казахстан

### **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

В данной статье рассматриваются пути выявления комплекса необходимых условий для эффективного развития творческих способностей младших школьников. Под необходимыми и достаточными условиями понимается полный набор условий, из которых нельзя исключить ни одного компонента, не нарушив обновленности данного явления. В связи с этим особое внимание уделяется на комплекс условий, ибо случайные условия не способствуют решению поставленной задачи.

*Ключевые слова:* творчество, способность, творческие способности, педагогические условия, системно-деятельностный подход, творческая деятельность, организационные условия, диагностико-корректирующее условие, младшие школьники

Изучая социальный опыт, дидакты выделили в нем среди других общих элементов опыт творческих, поисковой деятельности по решению новых проблем. Это значит, что в каждый учебный предмет следует включать задания, при выполнении которых учащиеся усваивают опыт творческой деятельности людей. В системе развивающего обучения этому вопросу уделяется особое

внимание. По мнению В.В. Давыдова: «Опыт творческой деятельности должен быть не одним из рядоположенных элементов совокупного социального опыта, а основополагающим и главным элементом, на который могут опираться другие его элементы (к ним относятся еще знания, умения и отношения человеку к миру)» [1]. Что же касается традиционной системы образования, то большие возможности для организации творческой деятельности дает принцип вариативности, благодаря которому педагогические коллективы учебных заведений выбирают и конструируют педагогический процесс по любой модели, включая авторские. В этом направлении и идет прогресс образования: разработка различных вариантов его содержания, использование возможностей современной дидактики в повышении эффективности образовательных структур. Наука ищет новые методологические подходы организации учебного процесса. Причем под методологическим подходом понимается совокупность принципов, которые определяют общую цель и стратегию соответствующей деятельности, независимо от того, является ли она теоретической или практической.

Проблема развития личности в образовании решается с позиций системно-структурного, программно-целевого, комплексного, оптимизационного, технологического и других подходов. Каждый из этих подходов имеет свои положительные стороны.

Анализ различных подходов приводит к выводу о необходимости выбора такого подхода, который бы в наибольшей степени соответствовал избранной теме исследования.

По мнению многих ученых системный подход является «основанием» и «опорой» методологии педагогики. Системный подход рассматривается как качественно более высокий уровень, включающий в себя: определение целей и задач в соответствии с уровнем развития общества, личности, средств образования, социальных потребностей государства; отбор содержания для достижения поставленных целей; выбор средств образования (форм, методов, пособий и т.д.) в соответствии с целями и задачами; взаимодействие факторов и необходимых условий, обеспечивающий их функционирование; внутренняя организация процесса, взаимодействие составных элементов системы, выполнение составными элементами своих функций.

«Сложность использования системного подхода состоит в том, что приходится иметь дело с человеческим фактором: личностью учителя и учащегося, коллективами учителей и учащихся» [2].

Учеными доказано, что деятельность выполняет важные функции в развитии личности, в том числе развивающую, интегративную, критериальную, коммуникативную. «Деятельность – основное средство формирования личности».

Многие ученые (А.В.Усова, Н.И.Чупракова и др.) считают, что многоплановость и разнообразие видов деятельности, в которые одновременно включается человек, выступает как одно из важнейших условий комплексного и

разностороннего развития его способностей. В связи с этим выдвигаются следующие требования к деятельности: творческий характер деятельности, оптимальный уровень ее трудности для исполнителя, должная мотивация и обеспечение положительного эмоционального настроения в ходе и по окончании выполнения деятельности.

Образовательный процесс обладает широкими возможностями для выполнения данных требований к организации творческой деятельности учащегося: путем уточнения и расчленения цели, усиления мотивации, усложнения деятельности и ее компонентов, развития творческих способностей учащихся. Таким образом, необходим, деятельностный подход к изучению и осуществлению развития творческих способностей учащихся.

Анализируя рассмотренные выше подходы можно сделать вывод о том, что для решения исследуемой проблемы необходим синтез двух подходов – системного и деятельностного. Следовательно, для развития творческих способностей необходима реализация системно-деятельностного подхода. Именно системно-деятельностный подход рассматривает объекты как педагогические системы, обеспечивает включение всех участников педагогического процесса в совместную творческую деятельность и является необходимым условием в развитии творческих способностей младших школьников.

На необходимость осмысления понятия условия особое внимание уделяет Н.М. Яковлева. По ее словам, рассмотрение категории условие по отношению к понятию среда (обстановка) неоправданно расширяет совокупность объектов, необходимых для возникновения, существования или изменения педагогического явления.

В данном исследовании мы не ставили целью анализировать полную совокупность объектов, составляющих среду данного объекта, поскольку в их число попадают и случайные объекты. Известно, что условия могут выполнять как роль препятствия, так и фактора, обеспечивающие функционирование системы.

Задача состоит в выявлении комплекса необходимых и достаточных условий для эффективного развития творческих способностей младших школьников.

Под необходимыми и достаточными мы понимаем полный набор условий, из которых нельзя исключить ни одного компонента, не нарушив обусловленности данного явления. В связи с этим будем говорить только о комплексе условий, ибо случайные условия не способствуют решению поставленной задачи. Исходя из этого, мы считаем, что педагогические условия – это взаимодействующий комплекс мер в данном процессе, который подготавливает младших школьников к творческой деятельности.

Для выявления комплекса педагогических условий, способствующих эффективному осуществлению процесса формирования творческой деятельности младших школьников, были намечены такие пути, как фиксация социального заказа средней школе, нашедшего отражение в Законе РК «Об

образовании»; как использование системно-деятельностного подхода; как выявление сущности творческой деятельности; как учет возрастных особенностей младших школьников.

На основе вышеизложенного, мы утверждаем, что условиями эффективного функционирования процесса формирования творческой деятельности младших школьников являются: информационное условие; организационное условие; диагностико-корректирующее условие.

Данный комплекс условий обеспечивается в рамках системно-деятельностного подхода. Подробно остановимся на каждом из них.

Изучая особенности творчества, многие исследователи отмечают, что творческая деятельность опирается на раннее приобретенный фонд знаний и умений и без него невозможна. Функция знаний и умений, усвоенных в готовом виде, состоит в том, что они входят в творческую деятельность как инструмент и становятся полем поиска для этой деятельности. Знания и умения обеспечивают поле поиска; опыт творческой деятельности формирует способность этот поиск осуществлять, то есть превратить эти знания и умения в инструмент творческого решения.

«При применении знаний по образцу усваивается еще и содержание умений и навыков, при творческом применении знаний – содержание творческой деятельности» [3].

В процессе усвоения опыта творческой деятельности и происходят изменения в умственном развитии учащихся, выражающийся в творческом преобразовании знаний и умений, готовности и способности самостоятельно добывать новые, то есть организовывать свою познавательную деятельность в связи с возникшей проблемой. Наличие проблемных задач является неотъемлемой частью содержания учебного материала.

«Проблемные задачи являются формой и средством воплощения творческого процесса, а их решение – реализацией творческой деятельности» [3].

Некоторые ученые рассматривают творческую деятельность как имеющую ту же природу, что и решение проблем. «Собственно творчество – это самостоятельное решение проблемы, при которой обучающийся не получает помощи от учителя» [4]. То есть, организуя деятельность по решению проблем, учитель поощряет ученика к разностороннему рассмотрению ситуации и к тому, чтобы избегать проторенных путей.

Психологи, изучающие проблему развития творческих способностей детей, говорят о необходимости использования так называемых задач «открытого типа». Задачи открытого типа не имеют единственно правильного решения, кроме того они имеют множество различных решений. Конструирование и использование подобных задач, по мнению группы ученых под руководством А.М. Матюшкина, существенно влияет на развитие дивергентного мышления и воображения.

Таким образом, для развития творческих способностей важно обогатить, насытить учебный материал проблемными (творческими) задачами, а также

заданиями «открытого типа», это является необходимым условием данного процесса у младших школьников.

При организации любой деятельности учащихся, по словам Н.Ф.Талызиной преподаватель должен выполнять систему требований, а именно:

а) указать цели; б) установить исходное состояние процесса; в) определить программу воздействий, предусматривающую основные переходные состояния процесса; г) обеспечить систематический контроль за управляемым процессом, т.е систематическую обратную связь; д) обеспечить переработку информации, получаемой по каналу обратной связи, выбрать корректирующие действия и их реализовать.

Для организации творческой деятельности, А.А. Люблинская предлагает соблюдать следующие параметры: цель деятельности, мотивы, содержание деятельности, действия, результаты, отношение к результатам.

Исследуя виды творческой деятельности в начальной школе имеют место следующие виды: *«научное» творчество* – это теоретическое исследование; *практическое творчество* – поиск способа применения известного знания в новой ситуации, конструирование; *художественное творчество*, включающее литературные сочинения, рисование, написание музыкального произведения и т.д.

Для развития творческих способностей, которые лежат в основе любого вида творческой деятельности важно «сочетать все деятельности в каждый конкретный момент обучения, иначе развитие ребенка может оказаться однобоким» [5]. В связи с этим, необходимо включать учащихся в разнообразные виды творческой деятельности, при этом используя специфические методы, направленные на развитие творческих способностей учащихся. Это:

-синектика: а) субъективная аналогия; б) прямая аналогия; в) символическая аналогия; г) фантастическая аналогия;

-мозговой штурм;

-установление принудительных взаимоотношений;

-постановка вопросов;

-перенос функций – в рамках системно-деятельностного подхода, обеспечивает включение всех участников педагогического процесса в совместную творческую деятельность и является необходимым условием развития творческих способностей младших школьников.

Диагностика – это один из наиболее эффективных способов получения объективных знаний об учащемся. Многие ученые выделяют педагогическую и психологическую диагностику. Среди них Р.С.Немов отмечает, что психодиагностика является областью специальных знаний, связанных с разработкой теории, методологии и методик для точной оценки свойств, состояний или уровня психическую развития, достигнутого индивидом или группой.



Под педагогической диагностикой ряд ученых понимают область научно-педагогических знаний, рассматривающую вопросы установления и изучения признаков, характеризующих состояние различных элементов педагогических систем и условий их реализации (на всех уровнях), для прогнозирования возможных отклонений, нарушений нормальных тенденций их функционирования и развития.

Анализируя вышеназванные определения понятий, можно утверждать, что они достаточно связаны между собой. Основное отличие между ними заключается в выполняемых ими функциях. К педагогической диагностике относится все то, что связано с образованием личности (качества, средства, условия и т.д.), а к психологической – предпосылки целостного формирования личности (восприятие, внимание, память, мышление, воля, способности, темперамент и т.д.). Отсюда следует, что диагностика выявленных нами творческих способностей, находится на стыке двух видов: психологической и педагогической диагностик.

Важным этапом в психодиагностику творческих возможностей человека послужили работы зарубежного ученого психолога Дж. Гилфорда, выделившего два типа мышления: конвергентное и дивергентное. Большинство психодиагностических тестов креативности ориентировано на выявление способностей к дивергентному мышлению. Эти тесты не предполагают определенного числа ответов. В них нет правильных и неправильных решений, оценивается степень их соответствия идее, поощряется и стимулируется поиск нетривиальных, необычных и неожиданных решений.

Помимо тестов для определения творческих способностей используются специальные анкеты и опросники со списками ситуаций, чувств, форм поведения, характерных для творческих людей. Эти анкеты могут быть адресованы как самому испытуемому, так и окружающим его людям. Для анализа творческих достижений обычно используются оценки экспертов: ученых – для научных работ, художников – для картин и рисунков, инженеров – для технических изобретений. Стандарты для таких оценок всегда основаны на общественном обсуждении.

Диагностика и коррекция – процессы взаимосвязанные. На основе данных диагностики строится программа коррекционных занятий. Основной для разработки коррекционных упражнений могут служить задания из тестовых батарей П.Торренса и другие виды методик.

В развитии творческих способностей младших школьников необходима реализация системно – деятельностного подхода, ибо системно-деятельностный подход рассматривает объекты как педагогические системы, обеспечивает включение всех участников педагогического процесса в совместную творческую деятельность. Условиями эффективного развития творческих способностей учащихся начальной школы являются: информационное условие, организационное условие, диагностико-корректирующее условие.

### Список литературы

- 1 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М.:ИНТОР, 1996. – 544 с.
- 2 Дусавицкий А.К. Развитие личности в учебной деятельности. – М.: Дом педагогики, 1996. – 212 с.
- 3 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. – М.: Просвещение, 1983. – 96 с.
- 4 Усова А.В. Педагогические условия развития творческих способностей учащихся. – Челябинск, ЧГПИ, 1997. – 16 с.
- 5 Шумакова Н.Б. Методическое пособие по программе «Одаренный ребенок». – М., 1995. – 66 с.

#### **С.А. Узакбаева**

д. п.н., профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
sahipzhamal.a@mail.ru, Алматы, Казахстан

#### **Д.С. Масутова**

магистрант, КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
acd-654@mail.ru, Алматы, Казахстан

### **Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары**

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуда жүйелі іс - әрекеттік тәсілді жүзеге асыру қажет, өйкені жүйелі іс-әрекеттік тәсіл объектіні қарастырады, педагогикалық үдеріске қатысушылардың біріккен шығармашылық іс-әрекетке араласуын қамтамасыздандырады. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін тиімді дамытудың шарттары болып: ақпараттық шарттар, ұйымдастырушылық шарттар, диагностикалық өндемелік шарттар саналады.

#### **S.A. Uzakbayeva**

d.p.s., professor of KazUIR&WL named after Ablai Khan,  
sahipzhamal.a@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

#### **D.S. Massutova**

the 1-st course of the Master`s, KazUIR&WL named after Ablai Khan  
acd-654@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

### **Pedagogical conditions of development of creative abilities of younger school students**

In the development of creative abilities of younger students is necessary to implement the system - activity approach for system-activity approach considers objects as pedagogical system ensures the inclusion of all participants in the educational process in the joint creative activity. Conditions of effective development of creative abilities of students in primary schools are: information provision, organizational conditions, diagnostic and corrective condition

## **2 БӨЛІМ ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

### **РАЗДЕЛ 2 СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ**

**УДК 377.004**

**Д.М. Джусубалиева**

Мәдениетаралық қатысым жағдайындағы сұхбаттасу үстінде адамның тұйыққа тірелетіні рас. Ол тірелу жеке тұлғаның алдында тұрған бірнеше жолдың қайсысын таңдау мәселесіне байланысты болса керек. а) өзінің мәдениетін түгелдей ұмытып, басқа мәдениет ішіне ену, тіпті соған сіңіп кетуді тілейді; ә) сұхбаттасын өз мәдениетіне тарту, оның өзінікін ұмыттыруды, оны «жұтып қоюды» көздейді; б) үшіншісі ғана өзара бір-бірінің мәдениетін байытуға, бірін-бірі дамытуға негізделеді [1]. Бірақ бұл жол - өте ауыр жол. Ол - жеке тұлғаға қай жағынан да үлкен салмақ салатын жол. Бұл жол адамды шаршатады. Себебі ол адамнан ақыл-ой да, интеллектуальдық қажыр да тілейді. Бұдан адамдардың мәдениетаралық қатысымға түсуінің әрі жауапты, әрі құрметті әрекет екені көрінеді.

Мәдениетаралық қатысымда тағы бір төртінші жолдың да бой көрсетуі мүмкін. Ол – сұхбаттастар арасында ешқандай байланыстың болмауы, басқаша айтқанда сұхбаттастар - бір-бірінің тілінен де, мәдениетінен де

бейхабар. Мұндайда адам өзге мәдениет өкілімен кездесуден, басқа мәдени құндылықты түсінуден қашқақтайды. Мұндай жолды адам саналы түрде әдейі таңдауы да мүмкін, өйткені оған өзіне бейтаныс, бөтен әлемнен, бөтен адамнан бойын аулақ ұстау, бой тасалау, жалғыздық, жат дүниеге жатырқау тән болуы мүмкін. Осы тұста мәдениетаралық қатысым жағдайындағы сұхбаттасу үстінде адамның тұйыққа тірелуінің бір себебі болып саналатын «сұхбаттасын өз мәдениетіне тарту, оның өзінікін ұмыттыруды, оны «жұтып қоюды» көздейді дейтін үшінші тармағы бой көрсетеді. Оған мысал ретінде мына төмендегі үзіндіні келтіруге болады.

Үзіндіде Англияда орыс тілінен сабақ беріп жүрген ағылшын таныстарына қонаққа барған (ұлты орыс) адамның орыс ұлтының ұлттық ділінен туындайтын ұлттық стереотиптерді тілдің қатынас үшін пайдаланғанын және оның ағылшын отбасы тарапынан қалай қабылданғанын көрсетеді: *«Однажды мы с женой гостили на севере Англии в семье преподавателей русского языка. Супруги проходили практику в СССР, неплохо знали наш быт и учили говорить по русски своего шестилетнего сына. – Ну-ка, Томи, иди сюда. Расскажи нам, как ты себя ведешь, как ты кушаешь – обратилась к нему моя жена. Это привычная нам фраза заставила хозяев смеяться. Нас всегда удивляло и даже забавляло, - говорили они,- что в представлении советских родителей хорошо кушать – значит хорошо себя вести. Если ребенок может сам держать ложку, английской матери, вряд ли придет в голову обращать внимание на его аппетит. Как и сколько ест – его дело»* [2].

Демек, орыс халқының бала тәрбиелеу туралы түсінігінде баланың тамақ жеуіне ерекше мән беру бар. Ал ағылшындар үшір бұл күлкілі жағдай екен. Олар баласы қасықты өзі ұстағаннан бастап, баласының тамақты қалай жейтініне, қанша жейтініне мән бермейді екен. Қанша жеу, қалай жеу баланың өз ісі деп қарайтын көрінеді. Бұдан әр этностың ұлттық ділі арқылы туындайтын да ерекшеліктер болатыны және оның да адамдарды тұйыққа тірейтіні көрінеді.

Әрине, бұл мысалдан «сұхбаттасын өз мәдениетіне тарту, оның өзінікін ұмыттыруды, оны «жұтып қоюды» көздейді дейтін бөліктің бәрін бірдей көре алмаймыз. «Сұхбаттасын өз мәдениетіне тарту» деген бөлікті ғана көре аламыз, онда да сұхбаттастардың бірі (орыс әйелі) екінші жақтың (ағылшын отбасының) СССР-да болып кеткендерін ескеріп айтып тұруы да мүмкін немесе өз әдеті бойынша баламен тілдесу жолы осы жол деп түсініп, айтуы да мүмкін. Оны автордың *«Это привычная нам фраза заставила хозяев смеяться»* деген сөзінен аңғарамыз. Қалай болғанда да бұл мысалдан да мәдениетаралық қатысым кезіндегі әр түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық діл ерекшеліктері, содан туындайтын түсінбестік (бұл жерде адамдар бірін-бірі түсініп тұр, түсіне тұра ұлттық айырмашылыққа күліп тұр), тұйыққа тірелу байқалады.

Мәдениетаралық қатысым сұхбаттасу үстінде әртүрлі арнаға бет бұруы мүмкін. Кейде ол күтпеген, кері нәтижеге бұрылып кетуі де ықтимал. Мұның

мәнісін түсіну үшін қатысымға түскен мәдениеттер арасындағы негізгі айырмашылықтарды еске түсіру керек. Мұндайда адамдар арасындағы тілдік қатынас пен мінез-құлық мәдениетіне қатысты айырмашылықтарды білу маңызды. Себебі олар - мәдениетаралық қатысымның негізінде жататын басты қажеттіліктер [3]. Бұл тұстағы ең басты нәрсе тілдік қатынастың екі жақ үшін де тең болуы, ал жалпы қатысым функциональдық теңсіздікпен айқындалады. Себебі бірі - ақпаратты беруші де, екіншісі - қабылдаушы.

Тілдік қатынас дегеніміз - сұхбат, сұхбаттасу. Ал сұхбат кем дегенде екі адамның арасында жүретіндіктен олар үнемі бір-бірінің жеке тұлға ретіндегі ерекшеліктерін білуге тиіс. Жеке адамның мінез-құлқына және тілдік қатынасына байланысты айырмашылық мәдениетаралық қатысымның әр тұсында байқалады. Осындай жан-жақты мәдениетаралық қатысымның бір түріне ғылымда «аккультурация» деген ат берілген. Мұның мәнісі жеке тұлғаны өзге мәдениетті тұлға деп тануға саяды. Аккультурацияға В.Е.Болдырев былайша анықтама береді: «Аккультурация –одновременно процесс и результат взаимного влияния разных культур, при котором все или часть представителей одной культуры (культуры-рецепиента) перенимают нормы, ценности и традиции другой культуры (культуры- донора)» [4].

Демек, аккультурация тұрғысынан қарап барып мәдениетаралық қатысым теориясын жазғанда ештеңенің мағынасы өзгермейді. Өзгеретін - қарастыру деңгейі ғана. Өйткені қатысымның қай түрі болса да адамға тіреледі. Сонымен бірге берілген айқындама мәдениетаралық қатысымдағы екі жақты тілдесімнің тең еместігін көрсетеді. Бұл - әрине шындыққа өте жақын келетінін кез келген адам білетін мәселе. Аккультурация жағдайында екі мәдениет те бірін-бірі дамыта да, байытып толықтыра да алмайды.

Сондықтан мәдениеттердің ешқайсысы да деңгейі жағынан жоғарылай алмайды. Бірақ бір бағытта мәдени нормаларды беру үрдісі жүреді. Мұны Америкада болып келген көптеген азаматтар сөздері растайды. Белгілі мүсінші, суретші Эрнест Неизвестный Америкаға алғаш келгенде мұндағы адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ғана емес, өмір сүрудің жаңа стиліне де үйрене алмағанын былай жазады: « *Самое трудное для человека нашей (русской) цивилизации – постоянное напряжение. Ежеминутное. Ежесекундное. Здесь (то есть в России), несмотря на отсутствие всего, жизнь относительно беспечна. Ужасна, но беспечна. Только приехав в Америку, я впервые ощутил, что время – деньги. Раньше я понимал эту фразу вульгарно. Америка научила меня ценить время, научила самодисциплине, собранности*», - деп жазған [5]. Берілген мысалда мәдени нормаларды беру үрдісі (уақыт және оны бағалау, уақытты ақша деп түсіну, тәртіпке, жинақылыққа үйрену, алаңсыз болмау) жүріп жатыр.

Аккультурация кезіндегі мәдени нормаларды беру үрдісі жеке тұлғаның ішкі қарсылықтарына кездесуі әбден мүмкін. Ол қарсылық өзге мәдениетті қабылдағысы келмеу ниетінен туындайды. Мұндайда аккультурация адамның өзге мәдениетті қабылдауына бағытталған іштей күресті ұсынады. Бұл

күресті шешу аккумуляция ұсынған төрт стратегия арқылы жүзеге асады: а) ассимиляция - жеке тұлғаның өзге мәдени құндылықтарды толықтай қабылдап, өз мәдениетіндегі құндылықтар мен нормалардан бас тартуы; ә) сепарация – өз мәдениетін сақтап қалу үшін өзге мәдениетті жоққа шығару. Мұндайда мәдениетаралық қатысымда саны жағынан аз топ өкілдері саны басым ұлт өкілдерінен бөлектенуді қалайды. Егер бұлайша бөлектенуді саны жағынан басым топ өкілдері талап еткен болса, онда мұндай стратегияны сегрегация дейді; б) маргинализация – өз мәдениетін де, өзге мәдени құндылықтарды да бір мезгілде жоғалту.

Мұндай жағдай жеке тұлғаның өз мәдениетін сақтап қалуға мүмкіндігі жоқ кезде, сонымен бірге басқа мәдени нормаларды қабылдауға деген қызығушылығы болмаған кездерде пайда болады; в) интеграция – өз мәдениеті мен өзге мәдениетті біріктіру [1].

Бұл аталған стратегиялардың ешқайсысы жеке тұлғаның өзіне бейтаныс мәдени құндылықтарды танып білуінде, қабылдауында таза, қоспасыз күйінде кездеспейді. Жеке тұлға аталған стратегиялардан өзіне қажетін ретіне қарай таңдай алады. Мысалы, ассимиляцияны экономика саласы мамандары таңдай алса, интеграцияны тіл үйренушілер (өзінің ана тілін де білуі тиіс, сонымен бірге белсенді түрде өзге тіл мен сол халық мәдениетін бірге үйрену) таңдауы мүмкін. Ал сепарация стратегиясын әлеуметтік салада (өзге ұлт өкіліне үйлену не тұрмысқа шығу) пайдалану тиімді көрінеді.

Мәдениетаралық қатынастың кейбір түрі өзге мәдениетпен кездескен кезде байқалуы мүмкін немесе өзін қоршаған ортаның әсері арқылы сіңуі мүмкін не екеуі де бір мәдениет өкілі бола тұрып, бірі екіншісін білмейді, түсінбейді деп санаған кезде тууы мүмкін немесе оған қарсылық көрсету түрінде көрінуі де ықтимал. Мысалы: *« - Замандас, ертең ауылдарыңызға концерт қойғалы келген әртістер едік, қызыл іңірден қайтіп ұйықтаймыз? Қонақ кәде болсын бір-екі күй тартып бере қояйын,- деп домбырасын қолына алды. Онымен де қарап отырмай, «Күй шығаратын өнерім бар еді», - демесі бар ма! «Мынау менің алғашқы шығарған күйім еді»- деп, Құрманғазының «Адайын» аңыратсын. «Ал мынау екінші күйім», - деп, «Сарыарқаны» қоя берген кезде шыдамай кетіп, тонымды лақтырып жібердім де: «Врешь, подлец, неге өтірікті сықпыртып отырсың?»- деп едім. Әукең ұялған тек тұрмас дегендей сылқ-сылқ күлді. Әйелдің бетінде де ептеп күлкі нышаны байқалды.*

*-Бұл қонағымның күйшілігін қайтейін, менен ұялмаса да, Күрекеңнің аруағынан ұялмағаны үшін аш жатқызайын деп едім, сіздің шыншылдығыңыз үшін қазан көтерейін,- деп орнынан тұрғаны» [6].*

Бұл үзіндіден мәдениетаралық қатысымның бір ұлт өкілдерінің арасында болып отырғаны көрінеді. Және сұхбаттас-серіктесі ауылдың адамы болғандықтан, айтушының тыңдаушыны күйді түсінбейді, күйшіні де білмейді, күйлерді ажырата алмайды деп қарауы байқалады. Мұндай жағдайдың ел арасында кездесіп қалатыны да рас. Бірақ келтірілген үзіндідегі: *«Бұл қонағымның күйшілігін қайтейін, менен ұялмаса да,*

*Құрекеңнің аруағынан ұялмағаны үшін аш жатқызайын деп едім, сіздің шыншылдығыңыз үшін қазан көтерейін, - деп орнынан тұрғаны», - деген сөзі үй иесі әйелдің күйден де, күйшіден де хабары бар екенін аңғартып тұр. Бұл үзінді мәдениетаралық қатынастың «адамдар түсінбейді деп санаған кезде тууы мүмкін немесе оған қарсылық көрсету түрінде көрінуі де ықтимал», - дейтін түріне мысал бола алады.*

*Дәл осындай мысалды Ресейге көшіп келген немістер жөнінде айтылған мына бір үзіндіден көруге болады: «Немкам в России тоже непросто. Почему когда я выхожу из автобуса мои здешние знакомые подают мне руку – вед я могу сама без посторонней помощи сделать это? Почему они вырывают у меня сумки? Я не настолько слаба и могу сама донести мои покупки. Почему я не могу за себя заплатить? «Так полагается», слышу я каждый раз в ответ. Вежливость, конечно, есть вежливость, но все хорошо в меру. Я стою на собственных ногах, я отвечаю за мои решения и поступки» [2].*

Келтірілген үзінді бір мәдениет өкілінің өзге мәдениетпен кездесуін де және оған өзінің қарсылығын да айтып тұр. Жеке тұлғаның өзге мәдениетті қабылдауымен айқындалатын сыртқы шарттар өте көп. Бұған өзге мемлекетке көшу қажеттігінен немесе сол елде тұру қажет болғандықтан не тұруға мәжбүр болғандықтан туындайтын экономикалық-саяси факторларды жатқызуға болады. Зерттеулерге қарағанда, басқа мемлекетке тұрақты қоныс аударған эмигранттар ассимиляция стратегиясына жүгінетін тәрізді. Өз елін тастап кетуге мәжбүр болғандар елімен байланысын үзбеуге тырысады, сондықтан сепарацияны таңдайды. Әрине жаңа қоныс аударған елінде бұған мүмкіндік болса ғана.

Аккультурацияның ең жақсы түрі ол - өзге тілді мәдениетке ұзақ бейімделу. Мұндай бейімделу психологиялық және әлеуметтік қиындықтармен байланысты болуы мүмкін. Психологиялық тұрғыдан бейімделу дегеніміз адамның басқа мәдени ортаға психологиялық жағынан қанағаттануымен байланысты жүзеге асады. Ол оның жақсы көңіл-күйінен, өзін сергек ұстауынан, өзге ел мәдени нормаларын өз ұлтыныңкімен бірлікте сіңіре алуымен сипатталады. Әлеуметтік бейімделу тұрмыста, отбасында кездесетін мәдени алшақтықтарды шеше білуімен, жаңа мәдениет пен қоғамға тез үйреніп, ондағы ерекшеліктерді оңай, еркін игеріп кетуімен ерекшеленеді.

### Әдебиеттер

- 1 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – Москва: «Индрик», 2005. – 125 с.
- 2 Берков В.П., Беркова А.В., Беркова О.В. Как мы живем. – Санкт-Петербург: Златоуст, 2003. – 90с.
- 3 Воробьев В.В. Лингвокультурологическая парадигма личности / Монография. – Москва: Изд-во РУДН, 1966. – 85с.

4 Болдырев В.Е. Введение в теорию межкультурной коммуникации // курс лекций. – Москва: Русский язык, 2009. – 130 с.

5 Маркина Н.А., Прохоров Ю.Е. Мы похожи, но мы разные... (уч. пособие по русской культуре и русскому менталитету). – Москва: Русский язык, 2004. – 75 с.

6 Әшімов А. Менің жанрым күнделік. – А.: Қазығұрт, 2007.– 120 с.

**А.С. Альметова**

д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан

### **Межкультурная коммуникация и адаптация к другой культуре**

Проблема межкультурной коммуникации и пути ее преодоления была и остается очень актуальной. Результаты исследования показали, что культура являясь результатом человеческого труда, раскрывает поведение человека, формирует его коммуникативные способности. Влияние культуры на личность человека и на его отношение с другими людьми особенно ярко проявляется с представителями другой лингвокультурологической общности.

**A.S. Almetova**

d.p.s., professor, KazUIR&WL named after Ablai Khan,  
Almaty, Kazakhstan

### **Intercultural communication and adaptation to another culture**

The article discusses the difficulties of cross-cultural communication and ways to overcome it. The results of the study, which examined the question of the relation of a human with the world, prove that culture is what stands between person and personality. These studies suggest that the culture is the result of human labor, because culture shows the behavior and discipline of the person and, therefore, culture is what forms a person. The influence of culture on an individual and on his or her relations with others is particularly noticeable with representatives of other lingvoculturalogy.

УДК 37.035.8

**А.А. Бейсембаева**

к.п.н., доцент, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан

### **ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ И КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ В СТУДЕНЧЕСКОЙ СРЕДЕ**

В статье рассматривается проблема воспитания толерантности и культуры межнационального общения в студенческой среде, которая является особенно актуальным для полиэтнического государства, каким является Республика Казахстан. В связи с этим, автор указывает, что педагогические условия вуза должны дать не только профессиональные знания, но и сформировать ряд профессионально значимых и социально необходимых качеств, относящихся к взаимодействию человека и социальной среды. В содержании образования важное место должна занять этнокультурная составляющая, основанная на процессе изучения и практического освоения этнокультурного наследия.

*Ключевые слова:* толерантность, культура, межнациональное общение, этнос, этнокультура, студенческая среда, воспитание

На современном этапе развития общества, когда в сферу межэтнических конфликтов оказываются втянутыми не только взрослые, но и дети, очень важно соединить в обучении и воспитании высоко гуманистические принципы духовной культуры как веротерпимость, толерантность, национальные и общечеловеческие ценности, не растерять гуманистическую направленность воспитания растущей личности, максимально учесть этнопедагогические и этнопсихологические характеристики.

Современные условия этнического многообразия, в котором растет и формируется подрастающее поколение многонационального Казахстана, являются одним из источников серьезных проблем для общества как политического, экономического, религиозного, культурного пространства, так и воспитания этнической толерантности.

Проблема межнационального общения всегда была и будет актуальной, ею всегда интересовались ученые многих стран. Общение – специфическое межличностное взаимодействие людей как членов общества, представителей определенных социальных групп, культур и как важная составная часть социального бытия человека является источником его жизнедеятельности, условием формирования, как общества, так и личности. Потребность в общении является одной из базовых потребностей общественного индивида, так как человек не может существовать вне общения с другими людьми.

Студенческая среда – это одна из наиболее интенсивных зон межэтнических контактов. В крупные города приезжает учиться молодежь практически из всех регионов Казахстана, стран ближнего и дальнего зарубежья. Именно в высших учебных заведениях встречаются представители самых разнообразных этнических групп, и вступают в контакт различные системы мировосприятия и миропонимания. Именно в результате этих контактов у многих студентов закрепляются стереотипы межэтнического восприятия и поведения.

Студенческий возраст, по мнению И.С.Кона, С.В.Сальцева и др, выступают как особый, вполне самостоятельный этап жизни человека, на протяжении которого он имеет и формирует собственную среду развития, участвует в таких видах деятельности, которые сегодня выступают в качестве лично-образующих факторов и определяют модель его социального поведения [1]. Это ступень индивидуализации, связанная с поиском своей идентичности в мире, с выработкой собственного мировоззрения, с определением своей самобытности и уникальности, с развитием собственного взгляда на жизнь. Вместе с тем, это период наиболее активного развития нравственных чувств, повышенного интереса к моральным проблемам. В целом студенческий возраст от 18 до 22 лет является решающим периодом развития этнического самосознания, его упрочнения и закрепления. В период обучения в вузе этническое самосознание молодого человека расширяет систему его представлений о мире и укрепляет его место в нем. Студенческий возраст представляет собой кризисный переход между юностью и взрослостью, в течение которого в личности происходят многомерные, сложные процессы: обретение взрослой идентичности и нового отношения к миру.

В повседневной жизни этничность подавляющего большинства студентов не актуализирована и этническая самоидентификация не занимает ведущих позиций. Несмотря на это, студенты проявляют довольно живой интерес к различным этническим вопросам. В то же время следует отметить существующие элементы предвзятости и негативизма в национальных отношениях. Хотя многие студенты имеют среди своих друзей и близких представителей других национальностей, достаточно значительное количество определяют свое отношение к человеку, исходя из его этнической принадлежности. Огромным мобилизационным фактором для большинства студентов является оскорбление по национальному признаку или негативная оценка народа, к которому принадлежит человек. Именно это чаще всего оставляет глубокий след в памяти человека и заставляет предпринимать какие-либо действия. Ещё одним мощным фактором этнической мобилизации является сопричастность или сопереживание какому-либо общему успеху или достижению.

Всё это повышает ответственность высшего образования за будущее государства, за то, по какому пути она пойдёт, как будут развиваться



процессы межэтнического взаимодействия. Но, к сожалению, сегодня в этом направлении слабо ведется данная работа. И современная система образования не гарантирует формирования позитивных межэтнических установок. А оформившееся в студенческой среде негативное восприятие той или иной этнической группы или исключительность своей национальной группы опасны вдвойне. Ведь носителем негативных установок в межэтническом взаимодействии может стать будущая интеллектуальная элита, которая будет определять жизнь в будущем.

В условиях общения осуществляется коммуникативный процесс, происходит взаимодействие, взаимовлияние индивидов, возникает взаимопонимание.

Главенствующее положение в межкультурной коммуникации занимает культура межнационального общения представителей различных этнонациональных общностей, где определяющим фактором является этническая толерантность личности [2].

Этническая толерантность понимается как сложное установочное образование личности. Она выражается в терпимости к чужому образу жизни, чужим обычаям, традициям, нравам, иным чувствам, мнениям и идеям. В соответствии с Декларацией принципов толерантности, принятой ЮНЕСКО, толерантность определяется как ценность и норма гражданского общества, проявляющаяся в праве быть различными всех индивидов гражданского общества; обеспечение устойчивой гармонии между различными конфессиями, политическими, этническими и другими социальными группами; уважении к разнообразию различных мировых культур, цивилизаций и народов; готовности к пониманию и сотрудничеству с людьми, различающимися по внешности, языку, убеждениям и верованиям.

Этническая толерантность личности проявляется в различных критических ситуациях межличностного и внутриличностного выбора тогда, когда выработанные в ином социально-культурном образе жизни этнические стереотипы и нормы решения встающих перед личностью проблем не срабатывают, а новые нормы или стереотипы находятся в процессе своего формирования. Этническая толерантность личности обнаруживается и в известном смысле возникает в проблемно-конфликтных ситуациях взаимодействия с представителями других этнических групп. Этническая толерантность личности не может изучаться изолированно от процессов этнической идентификации, так как все этнопсихологические феномены являются гранями одного целостного явления – этнической вариативности личности [3].

Сравнительно-сопоставительное рассмотрение народно-педагогических знаний разных народов, исключает навязывание тех или иных ценностей, межнациональную нетерпимость, способствует не только выявлению общности духовных истоков разных этносов, но и наглядно иллюстрирует, что именно в диалоге культур проявляется духовность этноса, его

гуманистические ценности. Такие знания позволяют привести учащихся к пониманию взаимосвязи национальных духовных культур, умению мыслить аналитически, сопоставляя категории «частного» и «общего», взаимосвязи «национального» и «межнационального», что способствует принятию общегуманистической позиции.

Обучение и воспитание подрастающих поколений, обеспечивая механизм трансляции этнического наследия новым поколениям, призвано, вместе с тем, обеспечить и интеграционные процессы, заложить основы для понимания и общения с другими культурами, нацеливать на умение поддерживать и развивать диалог культур. Этим задачам как нельзя лучше отвечает процесс этнопедагогизации вуза, в ходе которой оптимально решаются задачи формирования культуры межнациональных отношений, воспитания межэтнической толерантности.

Одним из основных направлений в решении проблем воспитания культуры межэтнического общения может стать увеличение роли этнопедагогики и этнопсихологии в образовательных программах. Именно эти дисциплины способны ярко продемонстрировать и объяснить специфику отличий, лежащих в области межнациональных различий. Показ неповторимой сущности самых разнообразных культур и демонстрация того, что носители этих культур не могут думать и чувствовать абсолютно одинаково, могут во многом способствовать повышению межэтнической терпимости (толерантности). При этом особое внимание необходимо уделять не только теоретической подготовке, но и практическим контактам между представителями различных культур, как на межгосударственном уровне, так и внутри страны, где межэтнические различия оказываются зачастую даже более яркими.

В целом, именно в студенческой среде должна формироваться и распространяться межнациональная политика. Именно здесь должна формироваться общая система ценностей и установок, обеспечивающая единство многонационального казахстанского общества. Современное студенчество как будущая интеллектуальная элита страны может стать активным гарантом стабильного развития общества.

При работе со студентами необходимо помнить, что многие из них – будущие преподаватели, которые должны будут передать полученные знания и сформированные установки последующим поколениям. А современные исследования показывают, что можно говорить о наличии социальных и психологических факторов, в той или иной степени нарушающих адекватность поведения детей в группах, в которых работают учителя с неадекватными формами выражения этнического самосознания. Дети, обучающиеся у учителей с адекватной позитивной формой выражения этнического самосознания, лучше адаптированы в микросоциуме, их поведение характеризуется больше гибкими и гармоничными способами взаимодействия с окружающими. Особая роль в этом процессе принадлежит

системе образования. Система образования призвана скорректировать негативные проявления разного рода, создать условия для формирования и распространения тех ценностных ориентиров, которые предпочтительны как для личности, так и для общества.

Развитие толерантности в образовании должно происходить путем диалога сотрудничества обучающей и обучаемой сторон, гуманизации процесса образования.

Необходимо обогатить содержание учебных курсов и программ гуманитарных, социальных и естественнонаучных дисциплин поликультурной тематикой, а так же совершенствовать методы преподавания всех видов дисциплин.

На основе инвариантных общечеловеческих ценностей должны быть сформированы и поддержаны национальные и межнациональные ценности, парадигмы конвергенции и интеграции духовных ценностей, базовая культура личности, ее соответствие реалиям меняющегося мира.

В поликультурных образовательных учреждениях должны пройти апробацию более гибкие, мягкие педагогические системы и операции обучения и развития, способствующие адаптации личности к культуре посредством образования. Особенными характеристиками педагогических технологий в ходе учебно-воспитательных операций поликультурного образования выступают: сотрудничество, диалог, деятельностно-творческий характер, направленность на поддержку, защиту индивидуального развития человека, предоставление ему свободного, защищенного пространства для принятия самостоятельных решений, разнообразие способов, форм и приемов творческого самовыражения личности в ее культурной идентификации [4].

В открытом поликультурном образовательном пространстве реализуется процесс, основная цель которого – создание условий, обеспечивающих защиту и поддержку развития каждой личности. В соответствии с этим в практику работы целесообразно внедрять методы и технологии, способствующие индивидуально-личностному подходу в социальном становлении, адаптации человека в интеркультурную образовательную среду посредством различных видов деятельности: активизирующей процессы самопознания, саморазвития, способствующей развитию механизмов рефлексии; направленной на выявление субъектов образования их важнейших потребностей и проблем по организации процесса педагогического взаимодействия, в котором каждый имеет возможность выявить личностно-значимые цели жизнедеятельности (индивидуальной сферы самореализации); направленной на поиск средств и форм адаптации, защиты и поддержки личности консультативного, информационного и практического характера.

Компонентами поликультурного образовательного пространства выступают: ценностно-содержательный; личностно-ориентированный; операционно-деятельностный; регионально-интеграционный. Они отражают

комплекс отношений: к личности как высшей ценности в педагогическом взаимодействии, как субъекту жизни, способной к культурному самоопределению и самоизменению; к педагогу как посреднику между человеком и культурой, способному ввести его в мир культуры и оказать помощь и поддержку каждой личности в индивидуальном самоопределении в мире отношений, ценностей и деятельности; к образованию, его содержанию как культурному процессу, в основе которого стоят личность, личностный смысл, общечеловеческие и национальные ценности, диалог и сотрудничество; к учебному заведению как к целостному, поликультурному образовательному пространству, где живут и воссоздаются культурные ценности, осуществляется интеркультурная коммуникация, межнациональное воспитание человека культуры [5].

Воспитанию толерантности может способствовать внедрение в образование элементов поликультурности. Главным в решении этой проблемы можно считать, прежде всего: всестороннее овладение студентами культурой своего собственного народа, как неперемное условие интеграции в иные культуры; обучение студентов правам человека и миролюбию; формирование представлений о многообразии культур в многонациональном Казахстане и мире; воспитание положительного отношения к культурным различиям, способствующим прогрессу человечества; формирование умений и навыков эффективного взаимодействия с представителями различных культур; воспитание в духе мира, терпимости, гуманного межнационального общения.

Кроме того, эффективность педагогического обеспечения поддержки и защиты студентов в мультикультурном образовании зависит от разумных внедрений новых педагогических технологий поликультурного образования, а также соответствующего уровня позиции педагогов. Внедрение инновационных технологий в поликультурные образовательные учреждения с полиэтничным составом учащихся обеспечит каждой личности возможность самоидентифицироваться как представителю той или иной национальной культуры; создаст условия для равноправного диалога с этнокультурным окружением; вовлечет студентов в глобальные процессы современности по усвоению национальных и общечеловеческих ценностей, основанных на принципах равенства и значимости культур [6].

Подлинная культура межнационального общения, взаимодействия и сотрудничества народов может возникнуть только на основе раскрытия духовно-нравственного потенциала каждой нации, обмена опытом социального и культурного творчества, на основе реализации идеалов свободы, справедливости и равенства. И именно образование призвано обеспечить сочетание интернационального и национального воспитания у студентов.

### **Список литературы**

- 1 Кон И.С. Психология ранней юности. – М., 1989. – 256 с.
- 2 Асмолов А.Г., Шлягина Е.И. Национальный характер и индивидуальность: опыт этнопсихологического исследования. Выпуск 2. – М., 1984. – 356 с.
- 3 Вяткин Б.А., Хотинец В.Ю. Этническое самосознание как фактор развития индивидуальности.// Психологический журнал, Т. 17. – № 5. – 1996. – 36 с.
- 4 Гасанов Н.Н. Особенности формирования культуры межнационального общения в многонациональном регионе. // Педагогика. – № 5. – 1994. – 245 с.
- 5 Леонтьев А.А. Психология общения. – Тарту, 1974. – 140 с.
- 6 Хотинец В.Ю. Этническое самосознание. – СПб., 2000. – 183 с.

#### **А.А. Бейсембаева**

п.ғ.к, доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

### **Студенттер ортасында толеранттылық пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу**

Студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу көпұлтты этникалық мемлекет Қазақстан мемлекеті үшін өзекті мәселе болып табылады. Мұнымен байланысты жоғары оқу орындарында педагогикалық жағдайлар тек кәсіби білім берумен ғана шектелмей, кәсіби мәнді әлеуметтік қажет қасиеттерді қалыптастыруы қажет. Білім беру мазмұнында этномәдени мұраны зерттеуге және практикалық игеруге негізделген этномәдени құрал маңызды орын алуы тиіс.

#### **А.А. Beisembayeva**

с.ғ.с, docent of KazUIR&WL named after Ablai Khan,  
Almaty, Kazakhstan

### **Upbringing tolerance and culture of international dialogue among students**

Development of tolerance and culture of international dialogue among students, the awareness of the younger generation of their belonging to a particular ethnic group. Pedagogical conditions of the university intended to provide not only professional knowledge, but also to form a number of professionally significant and socially desirable qualities related to the interaction of human and social environment.

УДК 101.9

**Г.Р. Бахтиярова**

п.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан

## **ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН ДӘСТҮРЛІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ**

Мақалада қазақ философиясы мен дәстүрлі педагогикалық мәдениет сабақтастығы қарастырылады. Автор қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы педагогикалық мәдениеттің көріністеріне мазмұндық талдау жасай отыра, қазақ халқының өзіндік дүниетанымын құрайтын ұғым-түсініктерінің тереңдігін, мазмұндылығын, кең танымдық-тәрбиелік мүмкіндікке ие рухани мұралар екендігін дәлелдеуге ұмтылады. Дәстүрлі ұлттық дүниетанымды құрайтын халық білімі мен іскерлігі жөніндегі қысқаша пайымдаулар, этнотабиғи орта – этностың айрықша мәдениетінің, соның ішінде педагогикалық мәдениетінің және жер бетінде өмір сүруінің негізі болып табылады деген тұжырымға келеді.

*Тірек сөздер:* педагогика, халықтық педагогика, қазақ философиясы, дәстүрлі педагогикалық мәдениет, ұлттық дүниетаным, күнтізбе, педагогикалық мәдениет

Дәстүрлі ұлттық дүниетанымымызда бірте-бірте ғарыш, әлем шеңберінде адам орны үнемі өзгеріп, жаңа мәнге ие болып отырған. Қоршаған болмысты, дүниені танып-білудің жануарлық сатысы, хайуандарға табыну адам танымынан бірте-бірте ығыстырылып, ақыры рухани адам болмысы жетекші мән ала бастаған. Адам баласы бірте-бірте табиғат сырларын терең ұғына келіп, оған өз үстемдігін жүргізе бастаған. Демек адам баласының әлем тану аясы дүние құбылыстарын түйсіну қасиетінің өзінде түбегейлі көп өзгерістерді өткерген, яғни, ежелгі дәуірлердің өзінде табиғатқа деген жаңаша көзқарастар бірте-бірте қалыптасқан.

Бұл туралы: «XV–XVII ғасырлардағы қазақтардың қоршаған орта, төңіректегі табиғат әлемі жөнінде нақты тәжірибеге негізделген елеулі бағыт-бағдары, ғылыми түсінігі болды», - деп жазады өз зерттеуінде тарихшы ғалым Х.Маданов [1].

Ал, Ж.К.Каракозова мәдениеттану саласынан жазған «Казахская культура и символ» атты зерттеуінде: «Кочевник всегда знал соотношение главных в жизни человека небесных тел – солнца, луны, звезд. Он был прекрасным метеорологом, выделив пять дней, предшествовавших празднику весеннего равноденствия Наурызу, с 17 наурыза (марта) по 21 наурыза, в которые закладывалась программа погоды на весь следующий год, программа его

жизнеобеспечения, на которую можно было воздействовать при помощи шамана для создания благоприятных условий», - деп қазақтардың қоршаған әлем болмысын танудағы жинақталған мол тәжірибесі бар халық екендігін айтады [2].

Зерттеушілер көзқарастарын негізге ала отырып талдап қарасақ, шындығында да, ертедегі қазақтардың дүниетанымында ғылыми таным-түсініктердің негізі болғандығына көз жеткізуге болады. Мәселен, ұлан байтақ кең даланы, ашық аспан астын мал бағып, мекен еткен қазақтар табиғат құбылыстарын жете бақылай отырып, аспан әлемі туралы небір керемет мол астрономиялық түсініктер мен білімдер жүйесін қалыптастыра білген.

Бұл туралы «Халық календары» атты еңбекте М.Исқақов: «Қазақтардың арасында аспан денелерін бақылып, уақыт есебін жүргізіп отырған адамдар да болды. Олар ежелгі түркілерде жұлдызшылар деп, бергін, қазақтарда есепшілер деп аталды. Бұлардан басқа жорушы астролог – абыздар да шықты. Қазақтардың практикалық астрономиядан әжептәуір білімдері болған. Олар жұлдыздар бойынша жат жерлерде жол тауып, жыл мезгілдерін айырып, есепшілердің айтуына қарай шаруашылықтарын ұйымдастырып отырған. Қазақ тілінде көптеген жұлдыздардың да атаулары бар», - деп жазады [3].

Ертеде қазақтар аспан әлемінің сырларын игеріп жұлдыздарды бақылау арқылы күнделікті ауа-райының, жыл мезгілдерінің (көктем, жаз, күз, қыс) қалай болатынын алдын-ала болжай білген. Дана халқымыз күн мен түннің, ай мен жыл мерзімдерінің ауысуын мұқият қадағалау арқылы тұрмысын, шаруашылығын қалай ұйымдастыру керектігін күні бұрын болжап, жоспарлап отырған. Қазақтар жаз ыстық болса қыс аязды, суық болады, ал жаз жаңбырлы болса қыста қар көп түседі деп есепке алып отырған. Халық жасаған бұл болжамдар көбіне дұрыс шығып отырған.

Біздің бұл пайымдауларымызды ғалым М.Орынбековтың: «Қазақтардың XVI–XVII ғасырлардағы философиясы космологияға бағытталды. Мұның ішінде жұлдыз орналасу негізіне байланысты астрономиялық ұғымдар – мұсылман күн тізбесіне және эмперикалық матереологияға елеулі орын берілді» деген пікірі дәлелдей түседі [4]. Осындай халық тәжірибесіне негізделген танымдық-тәрбиелік білім, іскерліктер жүйесі қазақтардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің айқын көрінісі ғана емес, ол сонымен қатар ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың басты, бірден-бір жетекші факторы болғандығын аңғаруға болады.

Еуразияның кең даласында көшпенділік пен жартылай отырықшылық жағдайда төрт түлігін өсіріп келген қазақтардың дәстүрлі педагогикалық білімі – *біріншіден*, ғасырлар бойы күнделікті тұрмысы мен шаруашылығы негізінде қалыптасып атадан балаға мұра ретінде жалғасын тауып келе жатқан халық даналығының мектебі болса, *екіншіден*, адам, табиғат, қоршаған орта туралы қазақтардың таным, түсінігінің, ақыл-ой күшінің айқын көрінісі.

Осы орайда айрықша сөз ететін жайт, қазақтардың ұлттық дүниетанымын құрайтын *аспан әлемі, ондағы жұлдыздардың орналасу сырын терең меңгеріп, ұғына білген халық тәжірибесі*. Төрт түлік малды өмірлік тірегі еткен қазақтар жұлдыздарды өздерінің малшылық тіршілігіне байланысты аттармен атады. Қазақ халқы жұлдызды аспан картасын Темірқазықтан бастады. Темірқазық – қазақтардың түнде жол жүргендегі бағыт-беталысын бағдарлайтын астрономиялық компасы іспеттес. Оның маңындағы екі жұлдыз «Ақбоз ат», «Көкбоз ат» деп аталады. Күздің ұзақ таңында мал күзеткен күзетшілер астрономиялық сағат есебінде Жетіқарақшыға қарап орын алмастырған. Ал, қыстыгүні кешкі Шолпан (Сан жұлдыз) туған кезде қойды қораға әкелген. Меркурийді қазақтар «Таң шолпан», кейде «Кіші шолпан» деп те атаған. Юпитерге – «Есекқырған», Марске – «Қызыл жұлдыз», Близнецке – «Қос жұлдыз», Сириуске – «Сүмбіле» деген ат берген және бұлардың жай-күйін, орнын, қозғалысын жақсы білген.

Жетіқарақшы – қазақтардың бәріне кеңінен таныс шоқжұлдыз. Ол – шөміш сұлбасын құрайтын жеті жарық жұлдыз тобынан тұрады. *«Жетіқарақшыны таныған жеті қараңғы түнде адаспас»* дейді дана халқымыз.

Үркер жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық, әрі метеорологиялық мәні болды. Халық күнтізбесі осы Үркер жұлдызының аспандағы қозғалысы бойынша жасалды. Сол сияқты Үркер жұлдызына байланысты халық әртүрлі жорамалдар да жасады. Жазға салым үркер іргеге жақындағанда қазақтар енді көктем келді деп есептеп, *«Үркер жерге түспей жер қызбайды»* деп отыратын қариялар ол көрінбей кеткеннен кейін енді қырық күн шілде, ең ыстық күндер басталады деп болжамдар жасайтын. Енді бірде «Үш арқар», кейде «Тараз» деп аталатын жұлдыз шыққан кезде *«Тараз туды таң салқындайды, енді егін жинауға кірісуге болады»* деп қазақ шаруасын реттеп отырған. Сүмбіле айы – жаздың соңғы айы. Осы айда сүмбіле жұлдызы туады. Осыған орай ауа-райының өзгерісін есепке алған қазақтар *«Сүмбіле туса су суиды»* деп жас балаларды өзен, көлге суға түсуден сақтандырып, ескертіп отырған. Дәл осы кезеңде қазақтар егіс алқабындағы шаруасын да аяқтап, қыс қамына кірісетін болған.

Халқымыздың байырғы күн қайыру тәжірибесі бойынша қазақ есепшілері жыл сайын белгілі бір уақытта қайталап отыратын ауа райындағы құбылыстарды (жауын-шашын, жел, боран, ыстық, суық, т.б.) **амал** деп атап, оның қай кезде болатынын тоғыс есебі бойынша анықтап отырған. Сөйтіп олар күнқайыру жүйесіне амал деген жаңа бір төл ұғымды енгізді. Шаруашылықты ұйымдастыруда, әсіресе, малшы қауым тоғыс есебіне сүйене отырып, әр айдағы амалдардың қалай өтетініне мұқият көңіл бөлген. Енді осы халқымыздың дәстүрлі дүниетанымдық тәжірибесінде ерекше орын алатын **амал түрлеріне** тоқталып кетейік.

**Киіктің матауы** деген амал он жеті тоғысқа (қыркүйектің аяғы, қазанның басына) сәйкес келеді. Бұл кезде киіктің (ақбөкен, қарақұйрық, жайран, т.б.)



текесі үйірге түседі. Елік, құралай лағын сәуірдің басында өтетін 5-10 күндік салқында өргізеді. Үш тоғыстағы бұл амалды **құралайдың салқыны** дейді. Он бес тоғыста (қазанның аяғы, қарашаның басында) өтетін жауын-шашынды 5-10 күндік амалды есепшілер бұғының мойын жуары деп атаған. Бұл кезде бұғы маралмен насай топыр құрады. Марал қодығын сәуірдің аяғы, мамырдың басында ерітеді. Таутекенің тауешкімен, құлжаның арқармен үйірге түсетін кезінде – он үш тоғыста (қарашаның аяғы) – өтетін амал **теке бұрқақ (бұрқылдақ)**. Арқар мен тауешкі төлін мамырдың ортасы ауа өргізеді. Он бір тоғыстағы (желтоқсан) **қаңтардың қарлы бораны** деген амалдан соң, тоғыз тоғыста (қаңтар) өтетін аязды күндерді **ай мүйізді алтын күн** немесе **ақпан-тоқпанның (дақпанның) аязы** деп атайды (орыстарда бұл аязды күндер **крещенские морозы** делінеді). Кейбір жылдары, мысалы ақ қоянның жылы қыс қатты болып, көпке дейін күннің сағы сынбай тұрады. Малға жайсыздау тиетін мұндай кездегі амалды «**ай мүйізді алтын күн, қаһарлы келсе – қатты күн, қырына алса – қырық күн**» дейді. **Бес тоғыстың бет жуары** деген сөз орамы бес тоғыстағы (наурыз) амалдың (жауын-шашынды 5-10 күн) шаруаға жайлы өткенін білдіреді. Кей жерлерде бес тоғыстан соң он күнде өтетін амалды **отамалы ойылған қыс** деп атайды. Есепшілердің айтуынша отамалының: «**Қара жерге келсем, қар әкелемін, қарға келсем қар әкетемін**», - дейтін серті бар. Отамалы қара жерге келсе, жайсыздау болып, боранды, жауын-шашынды күн көп болады [5].

Міне, осы сараланған амал түрлері туралы түсінік халық танымында деректі ойлаудың деңгейінде жасалған және аса сирек ұшырасатын, басқа халықтарда қайталанып кездеспейтін ай жүйелі күн қайыру тәжірибесі болып табылады. Бұл табиғат құбылыстарынан хабардар ететін халық дүниетанымындағы тұжырымдардың бүгінгі шаруа камында жүрген дала қазақтары үшін де мәні мен маңызы зор екендігі даусыз. Сондықтан осындай халық танымынан хабардар ететін ұғым, түсініктерді бүгінгі жастарға да кеңінен меңгертіп, хабардар етудің еш артықтығы жоқ.

Қазақ қауымы аспан әлемін жан-жақты бақылай отырып, «құс жолы», «құйрықты жұлдыз», «ақпа жұлдыз» секілді аспан денелері мен «кемпірқосақ» жайында да жақсы білді. Олар туралы ата-бабаларымыз жас балаларды ес тоқтатқаннан хабардар етіп, жан-жақты ұғындырып, үйрете бастаған. Жазғы түнде ашық аспан астында жұлдыздарға қарап жатып-ақ балалардың көзі ұйқыға кеткенше үлкендер балаларға аспан әлемі туралы небір қызықты аңыз әңгімелермен астарластыра отырып терең мәнді ұғым, түсініктерді беріп, ұлттық дүниетанымды, дүниеге деген көзқарасты қалыптастыра білді.

Табиғат құбылыстарын: айнала қоршаған органы, жұлдыздарды, аспан әлемін бақылаудан туған, халықтың көпжылғы тәжірибесінде жинақталған астрономиялық түсініктер мен білімдер негізінде байырғы қазақ күнтізбесі жасалғаны белгілі. Қазақ есепшілері жылдың айларын дұрыс есептеу үшін

айдың қозғалысын үнемі бақылап, бір жылды он екі айға, айдың тууына, толысуына, солуына қарай бір айды үш ондыққа бөлді.

Байырғы қазақ күнтізбесі бойынша 12 ай бір жылға, 3 ай бір тоқсанға, 7 күн бір аптаға, бір күн мен бір түн бір тәулікке есептеледі. Халық ішіндегі есепшілер күннің ұзару, қысқару құбылыстарын да мұқият бақылаған, олар күн тоқсанда – *торғай адым, қаңтарда – қарға адым, ақпанда – ат адым ұзарады, шілдеде – шіл адым қысқарады* деседі.

Қазақтың байырғы күнтізбесі жайында көлемді зерттеулер жүргізген М.Исқақов еңбегінде ұсынылған Ш.Уәлиханов жазып қалдырған көне ай аттары мен реттерін осы орайда бере кеткенді жөн көрдік. Шоқан Уәлиханов жүйелеуі бойынша қазақ айлары (*ескерту*: көне ай атаулары бүгінгі айлардың айтылуы бойынша ауыстырылып жазылды) және олардың тетелестік реті мынадай:

1. отамалы (наурыз), 7. қазан (қыркүйек),
2. саратан (сәуір), 8. қараша (қазан),
3. көкек (мамыр), 9. тоқсан (қараша),
4. шілде (маусым), 10. қаңтар (желтоқсан),
5. сарша-тамыз (шілде), 11. ақпан (қаңтар),
6. қыркүйек (тамыз), 12. наурыз (ақпан) [3].

М.Исқақов еңбегінде берілген тұжырымдардан көне қазақ календарлары туралы бір-біріне қарама-қайшы көзқарастардың да бар екендігін аңғардық, яки, кейбір пайымдаулар бойынша көне қазақ жылында 13 ай болса, ал енді бір зерттеушілер көрсеткендей 12 ай деген тұжырымдардың орын алатындығы сөз етіледі [3].

«Шығыстық ғылым мен дәстүрді негізге алған қазақ халқы да уақыт, мерзім өлшемдерін жеке-жеке бөліп қарап, оны Ай санау, Күн санау және Жыл санау деп атаған. ...Демек халқымыз бір кезде уақытты Күннің, Айдың, Жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарай белгілегенін, қажетті жағдайда оған табынғаны да анық. ...Соның ішінде аптаның әр күнінің анық қасиеттері туралы анықтама жасап, оны «күн санау» деп атаған. Күн санау – ертеден келе жатқан халықтық жүйелік есеп қағидасы» [6].

Көптеген этнографиялық зерттеулердің авторы С.Кенжеахметұлының көзқарасын негізге ала отырып, біз халық тәжірибесі негізінде ұлттық санада орнығып, қалыптасқан кейбір апта күндерінің ерекшелігі мен қасиеттері туралы қысқаша мәлімет бере кеткенді жөн деп білдік. Мысалы, аптаның **1 - күні, дүйсенбі** деп аталады. Қазақтар үшін жақсы күн деп есептеледі. Әр адам бастаған ісін табысты аяқтауға жұмыстанады. Бұл күні сапарға шыққан, сауда жасаған адамның жолы болады. Тырнақ алған адамның ақыл-ойы артады, күш-қуат қосылады. Дүйсенбі күні жаратылған бала ақылды, жақсы әрі сергек болады.

**2 - күн, сейсенбі.** Халық ұғымында бұл сәтсіз күн саналады. Осы күні қазақтар жолға, сапарға шықпайды. Қандайда болмасын істі бастамайды, той

өткізбейді, неке қимайды. Дегенмен бұрын бастаған ісінен қол үзбейді. Бұл күні жаратылған бала мейірімсіз, қатігез болады деген түсінік бар.

**3 - күн, сәрсенбі.** «Сәрсенбінің сәтіне» деп қазақтар бұл күнді айрықша жоғары бағалайды. Қандайда болмасын шаруасын осы күні бастағанды сәттілікке бағалап, дәл осы күні бастағанды жөн көреді.

Аптаның **5 - күні, жұма** мұсылмандар үшін маңызы өте жоғары, қасиетті саналады. Жұмада аруақтар әр шаңырақтан дұға дәметеді деп, әр үй өмірден өткен ата-ана, туыс, бауырлары үшін аттарын атап дұға оқып, «жеті нан» пісіреді. Босағаға аруақтар келетін қасиетті күн деп бағалаған халық жұмада кір жуып, кірдің суын төгуге қатаң тыйым салады. Мешітке (жұма намазына) баратын халықтан өз бойын, яки, жан тазалығы мен дене тазалығының үйлесімділігін талап ететін күн. Дұға, тілек қабыл болатын күн де осы қасиетті жұма.

Жұма күні қайтыс болған немесе жерленген адамдар халық ұғымында иманды, жаны таза жақсы адамдар деп саналады. Жұмада тырнақ алғандардың дәулеті артады. Осы күні жаратылған бала ғалым, өнерлі, өнегелі болады. Сол секілді халқымызда **бейсенбі, сенбі, жексенбі** деп аталатын апта күндері де бар, жоғарыда келтірілген талдаулар қазақтар тіршілігіндегі әр күннің ерекшелігін танып, анықтауға аса мән бере отырып, ұлттық дүниетанымда оған айрықша орын бергендігін аңғаруға болады.

Бұдан біз қазақ халық дүниетанымында аптаның әр күнінің өзіндік қадір-қасиеті бар екендігін көреміз. Дегенмен қазақтар: *«Алланың әр күні де сәтті»* деп өз тіршілігінде амандықта өткізген әр күнді қадірлеп жоғары бағалай білген және халық санасынан орын алған осындай даналық ой иірімдерін кейінгі жас ұрпақ бойына ерте жастан сіңіруге талпынған. Бұл орайдағы халықтық тәрбиенің мақсаты, өз ұрпағын ертеңгі күнге сеніммен қарап, тіршіліктегі әр күнінен жақсылық күтуге талаптандырып, өмірдің әр сәтін мәнді де, мағыналы ұйымдастырып өткізуге, алла берген өмірді қадірлеп, бағалай білуге бағыттау десек артық айтқандық болмас. Халықтық білімдердің әрқайсысы философиялық тұрғыда көшпелі өмір салтының қоршаған орта мен табиғатты, дүниені танудың алғышарттарының негізін құрап қана қоймай, қазақ этносының қоғамдық, тарихи дамуының әр кезеңінде ұлттық рухани, материалдық мәдениетті дамытып, сақтай отырып, этностық ой-сананың, дүниеге деген көзқарастың жетілуіне барынша ықпал етті.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымынан хабардар ететін педагогикалық мәдениеттің тағы бір бағыты көне түркі мәдениетінен бастау алатын уақыт есебін айқындаудағы **мүшел жылы есебін** жүргізудегі тәжірибесі жөнінде де айтуға болады. Бұл туралы «Көне түріктердің рухани мәдениеті» атты А.Ш.Махаева еңбегінде: «Түрік тайпалары он екі жыл уақытты мүшел деп атаған. Мүшелдегі жылдар 12 түрлі хайуанның: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз атымен байланыстыра саналғандығы» айтылып және «Мүшелдің шығуы мен дамуын арнайы зерттеген француз ғалымы Э.Шаванн (1865 – 1918) өзінің «Түркілердің он екі

жылдық мүшелі» (1906) атты еңбегінде мүшел есебін ойлап тапқан түріктер» деген автордың ғылыми тұжырымы келтіріледі [7].

Қазақтар адамның жас мөлшерін де осы мүшел жылы бойынша есептеген. Адам жасына қарай мүшел жылды анықтағанда сәбидің құрсақтағы мезгілін есепке кіргізіп, алғашқы мүшел 13 жыл да, қалған кездегі мүшел 25, 37, 49, 61 т.б. жастар *«мүшел жасы»* деп есептеген. Бұл кезеңдер қазақта адам өмірінде әрбір 12- жылдан 13- жылға қараған уақытта болатын «қатерлі» кезең ретінде қабылданатын наным да бар. Қазақ халқы мүшел жасқа аяқ басқан бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, оларға түрлі қауіп, қатерлерден сақтанып жүруді ескертіп отырған.

Әр жылдың басы күн мен түннің теңелген кезі 22 наурызға сәйкес келеді. Бұл күні Шығыс елінің бүкілхалықтық жаңа жыл мейрамы – *Наурыз* тойланады. *«Наурыз»* – парсының нау – жаңа, руз – күн, яғни *жаңа күн* деген сөзінен шыққанның белгілі. Қазақтар үшін бұл күн жаңа жыл, ырыс, береке, мереке, жыл басы деп есептеледі. Жылдың құт мезгілі, жылдың алғашқы айы, төл басы есебінде де наурыз айына бүкіл халық құрметпен қарап, оны есте қаларлық қасиетті ай деп бағалаған.

Ескі жыл санау бойынша осы айдың 14-ші жұлдызынан келетін наурыз мерекесі бауырластық пен бірліктің, берекенің бастауы ретінде халық арасында кеңінен тойланатындығы белгілі. Әсіресе, Қазақстанның батыс өңірінде күні бүгінге дейін 14-ші наурыздан басталатын ағайын-туыс, ауыл-аймақ арасына кеңінен таралған *«көрісу»* дәстүрі халықтың асыға күтетін *«Ұлыстың ұлы күні»* саналатын наурыз мерекесінің бастауы деуге болады. Бұл ең алдымен үлкенді сыйлау, құрметтеу болса, екіншіден, ағайын-туыс арасындағы сыйластық, береке, бірліктің белгісі.

Жаңаша 22 наурыздан бастап күн ұзарады. Оны қазақтар *«Ұзын сары»* дейді. Осы кезеңді халқымыз *«жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы»*, адам ағзасының әлсірейтін кезі деп ұғынып, сондықтан бар құнарлы, адам бойына қуат беретін тағамдарын дайындауға тырысады. Осы кезде күн жылынып, мал төлдей бастайды. Сонымен қатар осы айда *«Наурызнама»* тойы өтіп, халық жеті түрлі тағамнан жасалған *«Наурыз көжеден»* дәм татады және *«Наурыз бата»* беріліп мереке ерекше атап өтіледі. Бұл күн жақсы тілектердің айтылып, адамдардың бір-бірімен көрісіп, бірін-бірі құттықтап, кешірім жасау, табысу секілді адамгершілік қасиеттердің айрықша көрініс беретін күні, әсіресе, кейінгі жастар үшін үлкендер үлгі-өнегесін алып, терең тәлім-тәрбиенің берілетін күні. Наурыздың айрықша әлеуметтік-мәдени мәнділігімен қатар қазақтар үшін қоғамдық тәрбиелік те, маңызы өте зор. Наурыз мерекесінің келуімен халық ішінде кеңінен атап өтілетін түрлі әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылар сән-салтанаттық, жомарттық тұрғыдан біздің халқымыз үшін қадірлі болумен қатар, адамды жоғары адамгершіліктік қасиеттерге, еңбекке, әдептілікке, саналыққа, сыйластыққа, ізеттілік пен білімдарлыққа баулуымен де құнды саналады.

Жалпы қазақтардың *астрономиядан өзге геология, зоология, биология, медицина* саласынан сан алуан ғасырлар бойы өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан таным-түсінігі терең мазмұнымен, мәнділігімен бүгінде өзінің педагогикалық маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақ халқының өзіндік дүниетанымын құрайтын ұғым-түсініктерге үңіле түскен сайын оның тереңдігін, мазмұндылығын, кең танымдық-тәрбиелік мүмкіндікке ие рухани мұралар екендігін аңғарасыз.

Сонымен біз жоғарыда жан-жақты мазмұндық тұрғыдан талдауға талпынған дәстүрлі ұлттық дүниетанымды құрайтын халық білімі мен іскерлігі жөніндегі қысқаша пайымдаулар, этнотабиғи орта – этностың айрықша мәдениетінің, соның ішінде педагогикалық мәдениетінің және жер бетінде өмір сүруінің негізі болып табылады деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Бала осындай ұлттық дүниетанымды құрайтын құндылықтар арқылы жер бетіндегі тіршілік атаулының бір-бірімен табиғи ажырамас бірлікте өмір сүретіндігін және адамның саналы тіршілік иесі ретінде табиғат алдындағы жауапкершілігін ұғынып, меңгерді.

### Әдебиеттер

- 1 Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1995. – 197 б.
- 2 Каракозова Ж.К. Казахская культура и символ. Уч.пособие по курсу «Культурология». – Алматы, 1997. – 69 с.
- 3 Исақов М. Халық календары. – Алматы, 1963. – 210 б.
- 4 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1996. – 168 б.
- 5 Уәлиұлы Н. Халқымыздың байырғы күн қайыруы. //Ана тілі. – 1992. – 6 б.
- 6 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына (үшінші кітап). – Алматы, 2006. – 136 б.
- 7 Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті: Көмекші оқу құралы. 2-басылым. – Алматы, 2002. – 68 б.

### Г.Р. Бахтиярова

к.п.н., доцент, Актюбинский региональный  
государственный университет им. К.Жубанова,  
Актобе, Казахстан

### О преемственности казахской философии и традиционной педагогической культуры

Проблемы преемственности казахской философии и традиционной педагогической культуры является одной из основных проблем

педагогической науки республики. Содержательная характеристика педагогической культуры казахов позволяет раскрыть особенности их миропонимания, мировоззрения, содержательность, возможности широко познаваемого, воспитательного и духовного наследия народа.

**G. R. Bakhtiyarova**

s.p.s., docent, Aktobe Multidisciplinary University  
named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

### **About Kazakh philosophy of continuity and traditional pedagogical culture**

Problem of continuity of the Kazakh philosophy and traditional pedagogical culture. The author found a reflection of pedagogical culture in the traditional outlook of the Kazakhs. Considered the depth of notion and submission component of its worldview, the content, widely cognized educational spiritual heritage of the Kazakh people.

**УДК 371.48**

**Г.С. Егенбаева**

п.ғ.магистрі, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

**Г.Қ. Сарқанбаева**

п.ғ.магистрі, оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

### **ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІНЕ ҚОҒАМНЫҢ ЫҚПАЛЫ**

Мақалада патриотизм идеяларының ежелден бастау алатыны және бұл идеяларды меңгерудегі патриоттық тәрбиенің маңызы, патриотизмнің мәні, тәрбиенің күрделі үдерісінің маңызды бір қыры ретінде жас ұрпақтың патриоттыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеуде педагогика ғылымының қазіргі бағыттары қарастырылады. Авторлар тәрбие адамзат дамуының барлық тарихи кезеңдерінде қоғам дамуының талап-сұраныстарынан туындаған және нақты мақсатқа бағытталғанына назар аудартып, патриоттық тәрбиенің жүйелілікпен берілуін маңызды мәселе ретінде ашып көрсетеді.

*Тірек сөздер:* патриотизм, ұлттық патриотизм, жалпы ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, тәрбие, қоғам, жас ұрпақ

Елдің болашағы білім саласында болып жатқан өзгерістерден талап етілетіні белгілі. Олай дейтініміз оқу орындары қоғамның даму үдерістері мен жағдайын көрсете алатын және оның дамуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік институты бола алады. Өйткені қоғамдық қатынас жүйесінде болып жатқан жағдайлар өз кезегінде білім саласына тікелей әсер етеді, ал білім саласы болса, жаңа тарихи кезең міндеттерін шешуде белсенділік танытады. Осыған орай республикадағы қазіргі білім беру жүйесін Қазақстанның даму сұраныстарына қарай сәйкестендіру қажеттігі арта түседі.

Қоғам мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты. Тәрбие адамзат дамуының барлық тарихи кезеңдерінде қоғам дамуының талап-сұраныстарынан туындағанын және нақты мақсатқа бағытталғанын этнопедагогика мен педагогика саласында орындалған зерттеулер (Т.Тажимаев, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Т.Әлсатов және т.б.) дәлелдеп отыр.

Кезінде белгілі педагогтар А.С.Макаренко мен В.А.Сухомлинский тәрбиенің мақсаты қоғамның талаптары мен сұраныстарына сәйкес анықталуы тиіс деп атап көрсеткен. Бұл тұрғыда, біріншіден, жастардың белгілі бір ортаға бейімделуіне септігін тигізетін тұлғалық сипатын қалыптастыру қажет болса, екіншіден, тәрбие үдерісінде тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның дарындылығы мен қабілеттілігін де дамыту керек.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесінің негізгі қағидалары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (1999) тұжырымдалған. Заңда тәрбие білім берудің ажырамас бір құрамдас бөлігі болып саналады, «білім беру дегеніміз - адам, қоғам, мемлекеттің талап сұраныстарын қанағаттандыруға мақсатты бағытталған тәрбиелеу мен оқыту үдерісі» деп түсіндіріледі. Мемлекеттік саясаттың білім саласындағы негізі принциптерінің бірі болып адамзаттық және Отанын сүйуге тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстанның егеменді ел болуынан бастап мемлекетте қайта құру басталды, нәтижесінде саяси-экономикалық жүйелер мен білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер көрініс алды. Осы кезеңде қоғамда саяси-экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтың болмауы заңды құбылыс болды. Ал бұл болса, ең алдымен, білім беруге кері әсерін тигізетін бірқатар факторлардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Әсіресе тәрбие үдерісі нашарлап кетті және бірқатар проблемалардың шешімін іздестіру қажеттігі туындады: тәрбие үдерісінде ақиқатты өмірді көрсете алатын теориялық негіздердің болмауы; тәрбиенің оқыту үдерісінен бөлініп шығуы; бұқаралық ақпарат құралдарының жастар тәрбиесіне оң әсерінен гөрі кері әсерінің басым болуы; жастар тәрбиесінде қазақ халық педагогикасының озық тәжірибелерінің негізге алынбауы және т.б.

Бұл проблемалар мектеп пен жоғарғы оқу орындарының әлеуметтік-тәрбие функциялары күшінің жойылуына себеп болды. Сөйтіп тәрбиелеу «білім беру» ұғымының аясынан шыға алмады.

Кезінде Кеңестік оқу орындарының өзіне тән ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған тәрбие дәстүрлері мен бай тәжірибесі болды. Шын мәнінде тәрбие үдерісі адамның тыныс-тіршілігінің негізі болып табылатын рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырды. Қазіргі таңда құндылықтардың бұрынғы жүйесі артта қалды, ал жаңа жүйесі бүгінгі күнге дейін әлі толығымен қалыптаса қойған жоқ.

Бұның жарқын айғағы заманауи жастарының құқық бұзушылықтан жоғары көрсеткіштер көрсетуінде болып отыр. Балалардың қатал да, ашушаң, бұзақы мінездері, отбасының да, ата-аналарының әлеуметтік-материалдық жағдайына да, не олардың жасы мен кәсібіне де, ақпарат құралдары арқылы берілетін көрілімдерге де тікелей байланысты емес. Мұндай жағымсыз мінез-құлықтардың болуы қоршаған ортаны, өмірді тануға, адамдар мен қоғамдық қарым-қатынастарға байланысты және оның қалыптасуы тәрбие үдерісі нәтижелерінен талап етіледі. Ғалымдар да осы пікірді ұстанады. Егер, И.А. Ильин «тәрбиесіз білім, – бұл жалған және қауіпті іс. Ол шала сауатты, мен-меншіл өркөкірек, атакқұмар, өктем, арсыз мансапқұмарларды тәрбиелеп шығарады; ол адамды рухқа қарсы күштермен қаруландырады; адам бойына «жауыздықты» дарытады» десе [1], Н.Д. Никандаров мектептегі тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының басты себебі мұғалімдердің білімсіздігі емес, біздің елімізде жастар тәрбиесінің қажетті құндылық тұрғысында қабылданбауы болып табылады деп ой тұжырымдайды [2].

Жастардың рухани құндылықтарының қалыптасуына қоғамда болып жатқан әлеуметтік катаклизмнің әсері де басым екендігін жоққа шығаруға болмайды. Қоғамның әлеуметтік топтарға бөлінуі, жергілікті халықтың басым көпшілігінің өмір тіршілігі деңгейінің төмендегі және осы іспеттес келеңсіз жағдайлардың жастардың жан дүниесіне әсер етпеуі мүмкін емес.

Күрделі әлеуметтік жағдайларды бастан кешіп отырған қоғамдағы отбасылары да құқықтық, моральдық және экономикалық қорғауға зәру. Осының салдарынан жағдайы нашар отбасылардың саны өсуде. Оған қоса жағдайы жақсы отбасыларында да ата-аналар тарапынан балаларға жеткілікті деңгейде көңіл бөліне бермейді. Бұның бәрі отбасы мен тәрбиенің рөлін және балалардың әлеуметтенуін төмендететіні даусыз.

Әдетте, жас ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне Қазақстанның Әскери күштері баса назар аударады. Олар білім мекемелерімен бірлесе отырып Отанды қорғаушы жас жеткеншектердің әскери тәрбиесінің бағдарламасы мен тұжырымдамасын жасайды. Дейтұрғанмен, соңғы уақытта жергілікті тұрғындардың Әскери күштерге деген көзқарасы бірдей деуге болмайды. Егер 70-80-ші жылдарда әскери қызметті өтеу бозбалалар өмірінің қажетті кезеңінің бірі болып табылса, ал қазір әскерге шақырушылар әскери қызметті өтеуден бас тартады, ата-аналары оларды жібермеуге тырысады. Бұның



себебі ішкі саясаттың тұрақсыздығына, үлкендердің кішілерге күш көрсетуіне байланысты.

Кезінде әлемдегі ең қарулы күштің бірі болып саналған Кеңес Одағының Әскери күштері Одақ тарқағаннан кейінгі жылдары бұрынғы Одақ республикаларының арасында бөлініске түсті. Мұндай күрделі жағдайларда тәрбие үдерісін қамтамасыздандыратын әлеуметтік институттың бірден-бірі мектеп болып табылатыны сөзсіз. Алайда оның тиімді жүзеге асырылуына мектептің материалдық-техникалық базасының жаңа қоғам талап-сұраныстарынан артта қалғандығы, олардың жеткілікті деңгейде ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандырылмауы, шараларды ұйымдастыруға қажетті қаражаттың болмауы, көптеген педагогтардың әлеуметтік жағдайларының төмендігі кедергісін келтірді.

Егемендіктің алғашқы жылдарында білім заңдарының құқықтық нормаларына енгізілген бірқатар өзгерістер тәрбие үдерісіне тәрбиеленушілерді жаппай қамтуға, жас ұрпақ тәрбиесі бойынша отандық тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік туғызды. Тұжырымдамаларда мәдени-әлеуметтік өмірдің, ұлттық жетістіктердің, жалпы мәдени және кәсіби біліктің құндылықтары, азаматтық, отбасылық мәдениет, адамдардың өзінің және өзгелердің алдындағы жауапкершілігі атап көрсетіледі. Тәрбиенің жаңа мәдени негіздері, яғни плюрализм мен тәрбие практикасының вариативтілігі, оқу-тәрбие үдерісі субъектілерінің демократиялық қарым-қатынастары, балалар мен жастар тәрбиесіне мемлекеттің жауапкершілігі жайлы сөз болады.

«Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы» (1993), «Мемлекеттің білім беру саласындағы саясатының тұжырымдамасы» (1995), «Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік дамыту жүйесі» (1997) сияқты жаңа құжаттар жобаларында мемлекеттің білім саласындағы саясатының мақсаты мен міндеттері, даму бағыттары мен перспективасы беріледі. Мектеп жұмысының маңызды бағыттарының бірі – тәрбиеге аса назар аударылады. Осының бәріне қарамастан құжаттарда жас ұрпақты тәрбиелеуге байланысты іс-шаралар бағдарламасы жеткіліксіз қарастырылады.

Демек, қазіргі білім беру жүйесінде тәрбиені бүгінгі қоғамның талабына қарай дамытуға байланысты арнайы бағдарламалар қажет. Бұны тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға байланысты жасалған кадамның бірі деп қабылдауға болады. Бағдарламада тәрбие жүйесінің басты проблемалары, тәрбие үдерісінің мақсаты мен міндеттері, ұйымдастырудың негізгі принциптері мен бағыттары, тәрбие жүйесін қалыптастыруға қажетті шарттары қарастырылуы керек. Бағдарлама мектепке дейінгі, жалпы білім беретін, қосымша және кәсіби білім мекемелерінде, яғни үздіксіз білім беру мекемелерінде тәрбие үдерісін жүзеге асыруды көздейді.

Қазіргі жағдайда патриоттық тәрбие тұжырымдамасын қайта толықтырып жасау қажеттілігі де туындап отыр. Отанды сүюге тәрбиелеу – патриотизмнің

ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Дейтұрғанмен соңғы он жылдықтарда Отанға деген, оның шекараларына деген көзқарас едәуір өзгеріске ұшырады. 80-ші жылдардың соңында басталған Қазақстанның өткендегі тарихын қайта қарап зерделеу мәселесі күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Орыс тілді қазақтардың да өзінің ана тіліне, өз елінің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне немқұрайдылықпен қарауы – патриоттық тәрбие саласында әлі де болса шешімін таппаған проблемалардың бар екендігін дәлелдейді. Өзін сыйлай білмеген халықтың, басқа халықтарды да сыйлай алмайтындығы кімге болсын тансық емес. Олай болса, қазақтың ұлттық сана-сезімінің қайта өркендеуі патриоттық тәрбие жүйесін жетілдірудің қажетті шарты болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау «патриот», «патриотизм» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйелеп, тәрбиедегі мәнін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Егер оның философиялық түсіндірмесіне жүгінсек: «патриотизм (грекше *patris* – Отан) мазмұны – Отанға сүйспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» - дегенді [3], ал лексикалық мағынада Отанға сүйіспеншілік, өз Отанына, өз халқына берілгендік дегенді білдіреді. Анықтамалардағы назар аударарлық нәрсе оларда жеке адамның Отанға деген түрлі көзқарастарына көңіл бөлінеді, әйтсе де, бұл көзқарастарды тек адамгершілік сезімдері тұрғысында қабылдауға болмайды. Олардың мағынасы неғұрлым кең, ол жеке адамға тән қажеттілікті, оның патриоттық сана-сезімі мен мінез-құлқын қамтиды, олар нәтижесінде патриотизмді моральдық қасиет ретінде сипаттайды. Осы тұрғыда патриотизмді адамның Отанға берілгендігін, сүйіспеншілігін, оның құдіретін, өзінің онымен рухани байланысын, қажеттігін сезінетін, оны қайбір жағдайда болмасын қорғауға даярлығын көрсететін адамгершілік қасиеті ретінде айқындау керек. Патриотизмнің мазмұнына мыналарды жатқызған жөн: адамның туып-өскен жеріне құштарлық сезімі; ана тіліне құрметпен қарауы; Отан мүдделеріне қамқорлық жасауы; азаматтық сезімдерінің көрініс беруі және Отанға адалдықты сақтауы; әлеуметтік және мәдени жетістіктерге деген мақтаныш сезімі, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауы; Отанның тарихи өткеніне, салт-дәстүрлерге қарауы; өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін Отанын көркейтуге арнауы. Патриотизмнің мәні туралы сөз өткенде, патриотизм идеяларының ежелден қалыптасқанын және бұл идеяларды меңгерудің патриоттық тәрбиеде маңызы зор екенін атап өткен жөн. Патриотизм идеясының (идеялар мен құндылықтар жүйесі ретіндегі патриотизм идеологиясының) дамуы, ең алдымен, Аристотель, Платон, Цицерон секілді ежелгі ойшылардың есімімен байланысты. Мәселен, Аристотель «Риторикада» дәстүрлердің, заңдардың жеке және ортақ екі түрі бар екенін дәлелдеді, ал Цицерон болса патриоттық сана-сезімдегі ең басты нәрсе Отанға деген көзқарас, Отан ең алдымен саяси ортаны, құқықтық

қатынастармен байланысты адамдардың бірігуін және мемлекетті қамтиды деп есептеді.

Патриотизм тәрбиенің маңызды міндеті, педагогиканың қуатты құралы екенін кезінде орыстың революционер-демократтары да (В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов), ұлы классик педагогтары да (К.Д.Ушинский, М.И. Калинин, Н.К. Крупская, А.В.Луначарский) айтып өткен.

Патриотизм идеялары қазақ жерінде де ежелден дамыған. Көшпелі қазақ өркениетінде отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі болып саналады. Ежелгі түрік қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткіштерінде ел билеушілерінің патриотизмдік үлгісі көрініс тапқан. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ақтамберді, Бұхар жыраулар және XX ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев және т.б. ұлт зиялылары мен қайраткерлері патриотизмді сөзбен ғана емес іспен өнеге ете білді. Әйтеке би «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп халыққа қызмет етуде патриотизмнің айнасы бола білді. Тәуекел хан заманында патриотизм байлықтан да жоғары бағаланды.

Соңғы жылдардағы мерзімді басылымдар мен зерттеу еңбектерінде «ұлттық патриотизм», «жалпыұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдары жиі пайдаланылады. Ұлттық патриотизм әдетте өз ұлтыңа деген, оның мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық, жергілікті елдің азаматы ұғымымен байланысты болса, жалпы ұлттық патриотизм өзін осы мемлекет құрамындағы халықтардың бір бөлігі ретінде сезінуді білдіреді. Қазақстандық патриотизм дегеніміз – Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің ұлттық Отаны деген іргелі негізге сүйенген ұлттық патриотизмдердің синтезі. Ұғымдардың мазмұны олардың бір-бірімен өзара байланыста екенін, мазмұнының әр жылдардағы саясат пен идеологияға байланысты жетілдіріліп отыратынын, әлеуметтік орта мен ұжымның ықпалында, патриоттық тәрбиенің негізінде қалыптасатынын дәлелдейді.

Әдетте патриотизм, отбасына, өскен ортаға, туған жер топырағы мен табиғатына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сондықтан патриотизмнің қайнар көзі адамгершілік қасиеттері болмақ. Патриотизмнің ірге тасы ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Патриотизмді рухани құбылыс ретінде адам санасына күштеп, билік-нұсқаумен міндеттеп күй мүмкін емес. Патриотизм білім беру жүйесіндегі тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерінің нәтижелі жүзеге асырылуы барысында ғана санада орнығады.

Патриоттық тәрбие ең алдымен, өз Отанының құндылықтарын танудан басталады. Сондықтан тәрбие жұмысы барысында өз халқының, ұлтының ұлылығын, олардың жетістіктерін, үкімет саясаты мен Қарулы Күштер қызметінің озық тәжірибесін дәріптеп, жастарды ерлік-патриоттыққа

тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлер мен халықтың Отанды қорғау туралы ілімін насихаттап отыру қажет.

Жастарды халықтың рухани және ұлттық құндылықтарын дұрыс бағалауға тәрбиелеуде де осы білімдерді пайдалану қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, патриоттық тәрбие үдерісінде «әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс.... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан–менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өскені жөн» [4].

Тәрбиеленушіні патриоттық іс-әрекетке қатыстыру, оның білімге, ұлттық құндылықтарға деген сенімін артырады, мінез-құлқына өзгерістер әкеледі, мемлекеттің әскери күшін дамытуға, Қарулы күштерде қызмет етуге, өз Отанын жаудан қорғауға және т.б. даярлығын қалыптастырады.

Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипаты ең алдымен тәрбие мен патриоттық сана-сезімнің жүйесімен айқындалатынын ұмытпаған жөн.

Жүйелі патриоттық сана тұрғысынан алғанда, патриоттық тәрбие тәрбиенің саяси-идеялық, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және т.б. элементтерінсіз өмір сүре алмайды, ол соңғысына Отанды өркендету мен қорғауға ішкі даярлық пен қабілетті қалыптастыруға белгілі бір әлеуметтік-саяси бағыт береді. Сөйтіп, патриоттық тәрбие, басқа тәрбиенің барлық негізгі бағыттарымен бірге жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбиенің соңғы нәтижесі ретінде патриоттық сана өз Отанын өркендету жолындағы күресте, оны нығайту мен қорғау жолындағы қызметте көрініп, өлшенеді, сөйтіп, сол арқылы тиісті ерлік, жауынгерлік және ұлттық дәстүрлер түзе отырып, кейіннен олар тәрбиелеуші факторға айналады.

Патриоттық тәрбиенің жүйелілігі, біріншіден, тәрбие объектісі – жеке адамның біртұтастығынан; екіншіден, отбасында, мектепте, жоғары оқу орындарында, еңбек және армия ұжымдарында патриоттық тәрбиенің сабақтастығы мен бірмәнді бағыттылығын талап ететін қоғамдық өмірдің барлық салаларының өзара байланысынан; үшіншіден, тәрбиенің негізі принциптері мен жалпы заңдылықтарынан және төртіншіден, патриоттық тәрбие мұраты жеке адамды жарасымды және жан-жақты тәрбиелеу болып табылатын тәрбиенің неғұрлым жалпы жүйесіне патриоттық тәрбиенің ықпалдасуынан туындап жатады.

Ең бастысы, патриоттық тәрбие қоғамдық-саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы-дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болады. Біріншіден, ол өзара байланысты құндылықтардың белгілі бір құрылымын қарастырады; екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне оның міндеттерінен көрінетін өзіндік белсенділік тән; үшіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз өзіне тән басқару тетігі, субъектісі мен объектісі, басшылық құралдары мен әдістері бар, өзін-өзі басқаратын жүйе; төртіншіден, патриоттық тәрбие уақыт пен кеңістікте

дамып отыратын жүйе, оның өз тарихы және өзіне тән заңмен белгіленетін қалыптасу, қызмет атқару мен даму үдерістері бар; бесіншіден, патриоттық тәрбие жүйесі оқшау емес, әлеуметтік тұрғыдан алғанда да, табиғи жағынан келгенде де басқа жүйелермен тығыз байланыста өмір сүреді.

Қазіргі жағдайларда патриоттық тәрбиеге кешенді көзқарас материалистік диалектиканың әдіснамалық талаптарына негізделеді және тәрбие үдерісінің барлық объективтік жағдайлары мен субъективтік факторларын келісіп жүзеге асыру негізінде патриоттық тәрбие жүйесін жан-жақты дамытуды, Отан қорғаушысына қажетті барлық қасиеттер жиынтығын жеке адам бойында бір мезгілде қалыптастыру үшін неғұрлым тиімді жолдарды, құралдар мен әдістерді таңдауды көздейді.

Патриоттық тәрбиеге қатысты жүйені қажетті бағытта дамыту мен тәрбие үдерісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін проблемаларды анықтау диалектиканың талабын білдіреді. Мәселен: а) әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыруда – перспективалық және ағымдық жоспарлаудың кешенді сипатын білу, патриоттық тәрбиенің ұжымдық, мазмұндық және әдістемелік қырларының басты міндеттерін анықтау; тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін ескере отырып, саяси-идеялық, еңбек және адамгершілік тәрбие бағыттарында патриоттық сананың қалыптастырылуын қамтамасыз ету; б) патриоттық тәрбие мазмұнында – патриоттық сананың саяси-идеялық құрамдас бөліктері туралы, Отан және оны қоғау, жауынгерлік және еңбек, ұлттық дәстүрлер туралы халықтық ілімді қарастыру; в) патриоттық тәрбие әдістемесінде – мазмұн мен принциптердің негізгі бағыттардың, құралдар мен әдістердің бірлігін қамтамасыз ету.

Жалпы айтқанда тәрбие әрекетіндегідей, патриоттық тәрбиеге кешенді тәсілді тиімді пайдаланудың негізі шарттарына мыналар жатады: саяси-идеялық, еңбек және адамгершілік тәрбиелеріндегі қатаң сабақтастық; мектеп басшыларының бұл жұмыста практика арқылы тексерілген әдіс-тәсілдерді пайдалануы; мектептердің объективті және субъективті жағдайларға талдау бере білуі. Оларда тәрбие үдерісі тәрбиеленушілердің мүдделері мен талап тілектерінің ерекшеліктері мен тәрбие үдерісін жоспарлау мен үйлестіруге, басқару мен ұйымдастыруда кешенді тәсілді жүзеге асыруға тәрбиенің бұқаралық және жеке әдістерінің тиімді арақатынасын практикада қамтамасыздандыруға, оқу ұжымдарында және тәрбиеленушілердің тұрғылықты жерінде идеологиялық ықпалды үйлестіруге, тәрбие жұмысының тиімділігін ғылыми негізде талдауға және тәрбие түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіруге мүмкіндік беретін өлшемдер арқылы жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбие тәжірибесін зерделеу оның тиімділігі көрсеткіштерінің мынадай жиынтығын: жүргізілген шаралардың саны мен сапасын және тәрбиеленушілердің қамтылу дәрежесін, патриоттық сананың деңгейін, яғни тәрбиеленушілердің білім, дағдыларын, олардың патриоттық сенімінің қалыптасу деңгейін, ерік-жігер мен сезім мәдениетін, Отанға деген терең сүйіспеншілігін, Отан қорғауға саналы даярлығын, патриоттық әлеуметтік

белсенділік (еңбек, қоғамдық- саяси, танымдық) деңгейін, тәрбиеленушілердің патриоттық тәрбиеге қатысуын айқындайды.

Қорыта айтқанда өскелең ұрпақты тәрбиелеу қазіргі білім беру жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі үдерісінің маңызды бір қыры болып тәрбиеленушілердің патриоттыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір тәрбиеленушінің дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес болуы тиіс. Өйткені Отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланыста сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адмагершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді. Патриоттық тәрбиедегі адам мен қоғам және мемлекет арасындағы байланыстың маңыздылығы да міне осыдан көрінеді.

#### **Әдебиеттер**

- 1 Ильин И.А. Наши задачи. Т.2. – М.,1992. – 360 с.
- 2 Никандаров Н. Д. Качество образования. – 2010. – С. 10-11.
- 3 Философский словарь / Нед. И.Т. Фролов. – М., 1986. – 358 с.
- 4 Назарбаев Н.А. Идейная консолидация общества – как условия прогресса Казахстана. – М., 1997. – 230 с.

#### **Г.С. Егенбаева**

магистр п.н. КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан

#### **Г.К. Сарканбаева**

магистр п.н. КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан

#### **Влияние общества на патриотическое воспитание молодежи**

Патриотическое воспитание – это сложное социально-педагогическое явление, связанное с передачей жизненного опыта от поколения к поколению, с целенаправленной подготовкой человека к труду на благо Отечества, с его специализацией, с формированием и развитием духовно-нравственной личности, способной любить свою Родину, постоянно ощущать связь с ней, защищать ее интересы, сохранять и приумножать лучшие традиции своего народа, ценить культурные ценности, постоянно стремиться к обеспечению безопасности личности, общества и государства.

**G.S. Yegenbayeva**

master of pedagogical science, KazUIR&WL named after Ablai Khan,  
Almaty, Kazakhstan

**G.K. Sarkanbayeva**

master of pedagogical science, teacher, KazUIR&WL Ablai Khan,  
Almaty, Kazakhstan

### **Influence of society on patriotic education of youth**

Patriotic education – is a complex social and pedagogical phenomenon associated with the transfer of experience from generation to generation, with targeted training the person to work for good of the Fatherland, with its specialization, with the formation and development of the spiritual and moral personality, able to love their country, constantly feel relationship with her, to protect her interests, to promote and propagate the best traditions of his people, to appreciate the cultural values, constantly strive to ensure the security of the individual, society and state.

**ТРЕБОВАНИЯ**  
**к статьям, представляемым в**  
**«Хабаршысы-Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана»**

Представленные для опубликования материалы должны соответствовать следующим требованиям:

1. Содержать результаты научных исследований по актуальным проблемам в области лингвистических, филологических и педагогических наук, переводческому делу, межкультурной коммуникации, востоковедения, международных отношений, международного права и экономических отношений, регионоведения, менеджмента и международных коммуникаций, маркетинга, туризма.

2. Доминантная идея публикаций: следование принципам научности, инновационности, целостности и системности.

3. Статья предоставляется в бумажной и электронной форме.

Шрифт Times New Roman, кегль - 14, интервал - 1, поля: верхнее, нижнее, левое, правое - 2 см.

Абзац (отступ) – 1 см.

4. Принимаются статьи от 5 до 16 страниц (1 п.л.), включая таблицы, рисунки.

Структура статьи:

1. В левом верхнем углу – шифр УДК

2. Автор

(по центру, фамилия полностью, имя, отчество – инициалы, с указанием должности, ученой степени, места работы / жирным шрифтом)

3. Название – по центру (жирным шрифтом).

4. Аннотация на языке статьи (без написания самого слова «аннотация», 70-80 слов, 10-12 строк), на каз., рус. яз. и англ.яз. (без ключевых слов) – в конце статьи.

5. Ключевые слова (8-10 слов).

6. Текст статьи

7. Ссылки на использованную литературу (**список литературы, references**). **Обратите внимание: после слов (список литературы, references) двоеточие не ставится.** Ссылки на использованную литературу даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1, с. 15]. Постраничные сноски не допускаются.

8. Список литературы (не менее 5 наименований), в котором указывается литература за последние 5-7 лет (**обратите внимание: после цифры точка не ставится**):

1 Кунанбаева С.С. Реализация культурного проекта «Триединство языков в Республике Казахстан // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Сер. «Филология». -2012. - № 1.- С. 3-9.

2 Усубалиева С.Ж. Экологический менеджмент: уч.пособие. – Алматы: Экономика, 2011. – 128 с.



3 Urbain C., Bissot H. Cuisines en partage. Le plov dans tous ses йtats. Constitution d'une diaspora autour d'un plat d'Asie centrale // Diasporas. –2005. – N7. [электронный ресурс] – Режим доступа – URL: [http://w3.framespa.univ-tlse2.fr/revue/articles\\_fiche.phpid=335](http://w3.framespa.univ-tlse2.fr/revue/articles_fiche.phpid=335)- (дата обращения 31.07.2012).

Таблицы, схемы, графики и т.д. создаются средствами Microsoft Word, нумеруются, имеют название, которое печатается без отступа строки.

Например

**Таблица 1 -Систематизация текстов о хронологии**

Таблица вставляется в текст сразу после ссылки на нее.

Если таблица переходит на следующую страницу, необходимо на предыдущей странице сделать нумерацию строк. Следующая страница с таблицей начинается со слов: «Продолжение таблицы 1».

**Таблица 1 -Систематизация текстов о хронологии**

Автор и название статьи	Наименование издания	Год и № издания	Страницы
1	2	3	4
Чокаев М.	Милли Туркестан	1989. - № 4.	С.55-89.

Следующая страница

Продолжение таблицы 1

1	2	3	4
Чакликова А.Т. О качестве структурирования содержания компетентностного образования в модульном формате	Известия КазУМОиМЯ	2012. - № 3.	С.25-31.

Графики и диаграммы создаются средствами Microsoft Excel, снабжаются заголовками, соответствующими подрисуночными подписями, расположенное по центру, и вставляются в текст сразу после ссылки на них.

Например:

**Рис.1 -Портрет Бальзака**

Фотографии (изображения), иллюстрации представляются в формате JPEG (jpg), разрешение не менее 300 пикселей, и предоставляются отдельными файлами. К каждому изображению обязателен заголовок (сопроводительный текст, аннотация).

Формат 60x84/16, средний объем-12п.л.= около 200 стр. формат А4.

Уважаемые коллеги! Вы можете присылать статьи на электронную почту кафедры педагогики и психологии [pedagoginyaz@mail.ru](mailto:pedagoginyaz@mail.ru)

Публикации для авторов – 3 000 тенге.

1. Серия «Филологические науки»,
2. Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация»,
3. Серия «Востоковедение»,
4. Серия «Педагогические науки»,
5. Серия «Международные отношения».

### **РЕКВИЗИТЫ**

АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана».

#### **Юридический адрес:**

050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200

#### **Банковские реквизиты:**

РНН 600700016 904

ИИК KZ 358 560 000 000 010 712

АГФ АО Банк Центр Кредит

БИК KСJB KZ KХ

Кбе 16

БИН 011140001654

При перечислении обязательно указать «Целевой взнос за публикацию статьи в – «Известия-Хабаршысы» серия педагогические науки КазУМОиМЯ им. Абылай хана».

Проживающие в Алматы могут оплачивать в бухгалтерии КазУМОиМЯ им. Абылай хана.

### **Пример**

**УДК 37.025.7**

**Бейсембаева А.А.**

к.п.н., доцент кафедры педагогики и психологии  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана

### **КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ КАК ВАЖНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ УЧИТЕЛЯ**

В статье рассматриваются вопросы критического мышления студентов в процессе профессиональной подготовки в вузе. Автор анализирует одно из активно развивающихся направлений реформирования системы современного высшего образования как ориентация на развитие критического мышления личности, которое предполагает наличие навыков рефлексии

относительно собственной мыслительной деятельности, умение работать с понятиями, суждениями, умозаключениями, вопросами, развитие способностей к аналитической, прогностической деятельности, проблемному видению, поиску альтернативных, инновационных форм, средств и методов, способствующих рациональному решению задач и проблем.

*Ключевые слова:* мышление, критика, критическое мышление, рефлексия, мыслительная деятельность, саморазвитие, самоанализ

В современном обществе все большую актуальность приобретает потребность в воспитании личности, способной не только к воспроизведению существующих норм и традиций, но и умеющей самостоятельно анализировать, оценивать, делать выводы, принимать адекватные, объективные решения, саморазвиваться в личностном и профессиональном плане, отказываться от собственных стереотипов в деятельности и поведении. Вместе с тем повышаются требования...

#### **Список литературы**

- 1 Коржуев А.В. Академический проект. – М., 2004. - 432 с.
- 2 Попков В.А. Критическое мышление в контексте задач высшего профессионального образования. – М., 2001.-168 с.
- 3 *Сорина Г.В.* От вопроса к решению // Психология для руководителя. 2009. N5(17). С. 68-73.
- 4 Шаров Д.А. Развитие критического мышления учащихся при обучении программированию в курсе «Информатика и ИКТ» Омск, 2006.-23с.
- 5 Шаршов И.А. Профессионально-творческое саморазвитие: методология, теория, практика. М., 2005.- 400 с.

#### **Бейсембаева А.А.**

п.ғ.к., доцент педагогика психология кафедрасы,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

#### **Болашақ педагогтардың сыни ойлауы – мұғалімнің кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі**

Жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлық үдерісіндегі студенттердің сыни ойлауын қалыптастырудың ролі ерекше. Тұлғаның сыни ойлауын дамыту атап айтқанда жеке өзіндік ойлау әрекетіне қатысты рефлексияны дағдыларының болуы, ұғымдармен, пікірлермен, ой-тұжырымдарымен жұмыс істей алу, аналитикалық және болжам жасау, проблеманы көре алу қабілеттерін дамыту. Осыған орай міндеттер мен проблемаларды тиімді шешуге ықпал ететін балама жолдарды, инновациялық формалар, құралдар мен әдістерді іздестіру қажеттігі туындайды.

**Beisembayeva A.A.**

c.p.s., associate professor chair of pedagogy and psychology  
Kazakh Ablai Khan University of International  
Relations and World Languages.

**Critical thinking of future teachers as an important component of teacher  
professional culture**

This article focuses on the critical thinking of students in vocational training in high school. The author analyzes one of the rapidly developing areas of reform of the system of modern higher education as a focus on the development of critical thinking of the person, which implies the existence of skills of reflection about their own mental activity, the ability to work with concepts, judgments, conclusions, issues, and development of analytical, forecasting activities problematic vision, the search for alternative and innovative forms, means and methods for facilitating management to meet the challenges.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ  
ХАБАРШЫСЫ  
*«Педагогика ғылымдары» сериясы*

№ 4 (35) 2014

*серия «Педагогические науки»*  
ИЗВЕСТИЯ  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Ответственный за выпуск тиража начальник ИПЦ  
**Есенгалиева Б.А.**  
Компьютерное оформление и верстка  
**Кынырбеков Б.С.**

Подписано в печать 22.12.2014 г. Формат 70X90 1/16  
Бумага офсетная. Печать RISO. Объем 7,25 п.л. Усл.-печ. 9,2.  
Заказ № 765. Тираж 500 экз.  
Издательско-полиграфический центр  
Казахского университета международных отношений  
и мировых языков имени Абылай хана  
г. Алматы, ул. Муратбаева, 200